

Киелі Кітап



Сіздің Киелі кітабыңыз

Бірінші басылым

«Сіздің Киелі кітабыңыз» оқулығы – Луиз Джетер
Уокердің кітабынан алынған мәліметтер
Өңдеген: Джуди Бартел

ХСИ университеті мұғалімдерінің көмегімен өңделген



Халықаралық университеттің жергілікті адресі:

«Қазақстандағы Құдай Ассамблеясы»
Қауымдастық нысанындағы
заңды тұлғалардың бірлестігі
050039 Алматы қаласы
Байрон көшесі, 84
Қазақстан Республикасы

School for Evangelism and Discipleship
Global University
1211 South Glenstone
Springfield, MO 65804
USA

Translated from the Eighth Edition 2010. PN 08.17.01 (English)
First edition 2020 (Kazakh)
© 2020 Global University
All rights reserved.

© 2020

CL2120kz

Kazakh: *Your Bible* by L. Jeter Walker

Егер басқаша көрсетілмесе, Жазбалардағы үзінділер Киелі Кітаптың 2010 жылғы аудармасынан алынған. Авторлық құқық © 1993, 1996, 2000, 2010 «Жаңа өмір» баспасы. Рұқсат бойынша пайдаланылады. Барлық құқықтар сақталған.

Қазақстан Республикасында басылған.

Мазмұны

МӘСІХШІЛІК ӨМІР СЕРИЯСЫ4

КІРІСПЕ5

1 ТАРАУ

1 Киелі Кітапты оқып-зерттеудің пайдасы14

2 Құдайдың бізге берген кітабы.22

3 Киелі Кітаптан қажет нәрсені қалай табуға болады . . .34

4 Көне Келісім кітаптары42

2 ТАРАУ

5 Жаңа Келісім кітаптары60

6 Киелі Кітап Құдай Сөзі екенін қайдан біле аламыз. . . .72

Оқушылардың есеп беруі (1 және 2 тарауға арналған)86

ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ95

Мәсіхшілік Өмір Сериясы

Сіздің жаңа өміріңіз

Сіздің Киелі Кітабыңыз

Иса кім?

Қауым

Жеке Ізгі хабармен бөлісу

Киелі Кітап этикасы

Сіз сиынғанда

Киелі Кітапты қалай оқу керек?

Сіздің досыңыз және көмекшіңіз

Мәсіхшілік табыну

Мәсіхші жұмысшылар

Неке және үй

Құдайдың жоспары – сіздің таңдауыңыз

Жохан жазған Ізгі хабар

Біз сенеміз

Қауымдар не істейді?

Тәлім беру қызметі

Мәсіхші қоғам өмірінде

КІРІСПЕ

Сіздің киелі кітабыңыз – жаңа сенушілерге арналған практикалық шәкіртшілік бағдарламасының он сегіз курсының бірі. Мәсіхшілік өмір сериясы – оқушыларға Мәсіхпен қарым-қатынастарында өсуге, Құдай Сөзіне сай әрекет етуге, өмірлеріне деген Құдайдың мақсатын жақсы түсінуге көмектесетін оқу құралы.

Оқушылар негізгі мәсіхшілік тақырыптарды қайталанып отыратын алты тақырып арқылы оқиды. Курстардың стилі әңгімелесу формасында және оқуға жеңіл етіп жазылған. Төмендегі кестеде Мәсіхшілік серия бөлімдерінің қалай сұрыпталғаны көрсетіледі.

	1 - бөлім	2 - бөлім	3- бөлім
Рухани өмір	Сіздің жаңа өміріңіз	Сіз сиынғанда	Құдайдың жоспары – сіздің таңдауыңыз
Киелі Кітап	Сіздің Киелі Кітабыңыз	Киелі Кітапты қалай оқу керек	Жохан жазған Ізгі хабар
Теология	Иса кім?	Сіздің досыңыз және көмекшіңіз	Біз сенеміз
Қауым	Қауым	Мәсіхшілік табыну	Қауымдар не істейді?
Қызмет	Жеке Ізгі хабармен бөлісу	Мәсіхші жұмысшылар	Тәлім беру қызметі
Мәсіхшілік этика	Киелі Кітап этикасы	Неке және үй	Мәсіхші қоғам өмірінде

Осы курсты оқу жолдары

Осы курс сіз өз бетіңізше оқу үшін жазылған. Дегенмен осы курсты әр түрлі топтарда да оқуыңызға болады. Егер осы курсты өз бетіңізше оқысаңыз, оқу құралының нұсқауларын орындау арқылы тапсырмаларды орындай аласыз. Егер басқа оқушылармен топта оқысаңыз, қосымша мұғалімнің де нұсқауларын мұқият орындаңыз.

Осы құралды қолдану тәсілдері

Әр сабақты оқуға кететін уақыт – курсты бастамай тұрып тақырыпты қаншалықты білу және оқу қабілетіңіздің деңгейіне байланысты. Сабақты оқуға кететін уақыт сіздің нұсқауларды мұқият орындап, өз бетіңізше оқу қабілетіңізді жақсартуыңызға да байланысты. Курстың авторы мен өзіңіздің алға қойған мақсаттарыңызға жету үшін жеткілікті уақыт бөлетіндей оқу уақытының кестесін жасаңыз.

Оқуыңызға көмектесу үшін әр сабақта кіріспе, оқылатын тақырыптар, сабақтың мақсаттары, тақырыпқа байланысты тапсырмалар, сабақтың соңында оқу үлгеріміңізді бақылау үшін тапсырмалардың жауаптары берілген.

Оқу үшін ұсыныстар

1. Осы сабақтарды оқу үшін тыныш, тұрақты бір уақыт бөліңіз. Оқу – күнделікті өміріңіздің бір бөлшегі болса, сабаққа зейін қоюңыз жеңіл болады.
2. Әр сабақты мінәжат етумен бастаңыз. Ашылып тұрған Киелі Кітаппен, Киелі Рухпен және осы курста сіз Киелі Рухтың сыныбындасыз. Жаратқан Иеден сабақты түсінуге және сол сабақты өміріңізде қолдануға көмектесуін сұраңыз.
3. Сабақтың кіріспесін, оқылатын тақырыптарын, сабақтың мақсаттарын жібермей оқыңыз. Бұлар маңызды нәрселерге зейін қоюыңызға көмектесіп, нені үйрену керектігіңізді көрсететін тақырыптың шолуы.
4. Сабақты мұқият оқып шығыңыз. Киелі Кітап аяттарын тауып, көмек болатын ескертпелер жазыңыз. Киелі Кітап аяттары сабақтың маңызды тармақтарын нығайтады.

5. Тапсырмалардағы сұрақтардың жауабын белгіленген жерлерге жазыңыз. Ұзақ жауаптарды дәптеріңізге жазуыңызға болады. Дәптеріңізге жауаптарды жазғанда, сабақтың реттік санын және тақырыбын белгілеңіз. Жауаптарын алдын-ала қарамаңыз. Тапсырмаларға өз жауабыңызды беру – оқыған тақырыбыңызды есте сақтауға көмектеседі. Тапсырмаларға жауап бергеннен кейін, сабақтың соңында берілген жауаптармен салыстырыңыз. Қате берген жауаптарыңызды қайта қарап шығыңыз. Сіз келесі сұрақтарға жауаптарды байқаусыз көріп қалмау үшін жауаптар ретімен берілмеген. Тапсырмадағы сұрақтар өте маңызды. Сабақтарда ұсынылған негізгі пікірлерді есте сақтауға және үйренген қағидаларды өміріңізде қолдануға көмектеседі.
6. Әр тараудың соңында тарауда алған біліміңізді бағалау сұрақтарына жауап беріңіз.
7. Уақыт бөліп, өзіңізге ыңғайлы қалпында оқыңыз.

Сұрақтарға қалай жауап беру керек

Осы курста әр түрлі сұрақтар түрі қолданылған. Төменде жиі қолданылған түрлі сұрақтардың және жауаптарының үлгісі берілген.

Дұрыс жауаптарды таңдауға берілген сұрақтар:

Көрсетілген жауаптар нұсқасының дұрысын таңдау керек.

Мысалы:

1 Киелі Кітап барлығы ... тұрады?

а) 100 кітаптан

ә) 66 кітаптан

б) 27 кітаптан

Дұрыс жауап «ә» – 7 күн. Оқулықтағы сұрақтарға жауап бере отырып, дұрыс жауаптың алдындағы әріпті шеңбермен қоршаңыз.

(Кейбір тапсырмаларда бірнеше жауап дұрыс болуы мүмкін. Дұрыс жауаптың бәрін белгілеген жөн.)

Дұрыс-Бұрыс

Дұрыс-Бұрыс тапсырмасында дұрыс сөйлемдерді таңдау керек.

Мысалы:

Төмендегі жауаптардың қайсысы ДҰРЫС?

- а) Киелі Кітап 120 кітаптан тұрады.
- Ә)** Киелі Кітап бүгінгі заманның сенушілеріне арналған хабар.
- б) Киелі Кітаптың барлық авторлары еврей тілінде жазды.
- В)** Киелі Кітап Киелі Рухтың жетелеуімен жазылған.

Ә) және в) жауаптары дұрыс. Жоғарыда көрсетілгендей, дұрыс деп тапқан жауаптарыңызды шеңбермен қоршайсыз.

Жұбын табу

Жұбын табу тапсырмасында бір-біріне мағыналары сай келетін сөздер мен сөйлемдерді анықтау керек. Мысалы қандай да бір есімге сай келетін сипаттама немесе Киелі Жазба кітабына сай авторды табу қажет болуы мүмкін.

Мысалы:

Әр сөйлемнің алдындағы орынға соған сай (жауап) жетекшінің есімі берілген нөмірді жазыңыз:

- | | |
|--|---------|
| 1. а) Синай тауында Он Заңды қабылдады | 1) Мұса |
| 2. ә) Исраилді Иордан арқылы алып өтті | 2) Ешуа |
| 2. б) Иерихонды айналып жүрді | |
| 1. в) Перғауынның сарайында өмір сүрді | |

а) және в) сөйлемдері Мұсаға, ал ә) және б) сөйлемдері Ешуаға байланысты. Сізге а) мен в)-ның алдына 1 санын, ал ә) мен б)-ның алдына 2 санын жазу керек.

Әр тарауда алған біліміңізді бағалау

Осы курстың соңында тарауда алған біліміңізді бағалау сұрақтарын және жауап беруге арналған беттерді көресіз. Берілген нұсқаларды мұқият орындаңыз. Жауап беруге арналған беттерді толтырып, жауаптарыңызды тексертуге оқытушыңызға жіберіңіз. Ғаламдық университетте оқымасаңыз да, тараудың бағалау сұрақтарын толтырудың пайдасы бар. Ұлттық және жергілікті бөлімдер арқылы оқитын оқушылар тарауды бағалау сұрақтары жайлы оқытушымен немесе директормен байланысуы керек.

Қосымша көмек

Жауаптарыңызды сізге жақын арадағы ХСИ орталығына қалай жіберу керектігі туралы «Әр тарауда алған біліміңізді бағалау» бөлімінде жазылған. Мекен-жайы оқулықтың бірінші бетінде көрсетілген. Егер мекен-жайы жоқ болса, онда жауабыңызды төменде көрсетілген (ағылшын тілінде) ХСИ орталығына жіберіңіз.

Автор жайында

Луиз Джетер Уокер өмір бойы адамдарға мәсіхшілік ақиқаттарды түсіндіруге көмектесті. Мәсіхшілік білім беруде Бакалавр және Магистр дипломдары бар. Құдай Ассамблеясына (ҚА) қызметші ретінде тағайындалған. Оның кітаптары мен оқу материалдары Перу, Куба, Орталық Америка, Батыс Индия және Бельгиядағы 62 жылдан астам қызметінің тәжірибесін көрсетеді.

Сіздің киелі кітабыңыз оқу құралын бастауыңызды Құдай жарылқасын! Жүрегіңіз Құдай Сөзінің ақиқатына ашық болсын!

Алғы сөз

Тарихта көбірек сатылымға ие болған кітаптардың бірі Киелі кітап. Алайда Киелі кітапты бірінші рет оқу таңғаларлық нәрсе. Неден бастаймыз? Бұл оқулық Киелі Кітапты қалай қолдануға болатынын білуге көмектесе алады. Сондай-ақ Киелі Кітап қалай және не үшін жазылғанын білетін боласыз.

Сенушілер Киелі Кітапты Құдайдың Сөзі ретінде қабылдайды және бұл Құдайдың оларға жіберген жеке хабары екеніне сенеді. Киелі Кітапты күнделікті оқу сенімде өздеріңізді жігерлендіріп, табанды мәсіхші болуға көмектеседі. Забур жыршысы мұны жақсы айтқан:

«Сенің сөздерің қадамдарымды жарқыратады, өмір жолыма шамшырақтай нұрын шашады» (Забур жыры 118:105)



Сабақтар

- 1** Киелі Кітапты оқып-зерттеудің пайдасы
- 2** Құдайдың бізге берген кітабы
- 3** Киелі Кітаптан қажет нәрсені қалай табуға болады
- 4** Көне Келісім кітаптары

1 Киелі Кітапты зерттеудің пайдасы

Көптеген жылдар бұрын кеме капитаны Тынық мұхитының оңтүстігіндегі бір аралдың жағалауына барған екен. Оның естуі бойынша осы аралда өмір сүрген адамдар бір кездері кісі етін жейтін болған екен, ал қазір олардың достыққа және сауда-саттыққа қызығушылығы зор.

Капитан әңгіме барысында сол халықтың көсемінің қолында үлкен Киелі Кітап бар екенін байқады. Ол жымысып қана көсемге: «Сіздің бұл ескі кітапқа сенбейтініңіз сөзсіз. Ол көнерген, әрі оның ешкімге пайдасы жоқ», – деді.

Көсем қасында тұрған мықты жауынгерлерге бір қарап алды да, капитанға бұрылып: «Капитан, сіз бұл кітаптың пайдасы жоқ деп ойлайтын шығарсыз, бірақ сіз бұл кітапқа қаншалықты қарыздар екеніңізді түсінбейсіз. Егер бұл кітап біздің өмірімізді өзгертпесе, сіз қазір қазанда тамаққа айналып, бүлкілдеп пісіп жататын едіңіз!» – деп жауап берді.

Киелі Кітапты зерттеудің нәтижесі – бұл оның сіздің өміріңізге және басқалардың өміріне де әсер етуі. Капитанның оқиғасында сол ұлттың адамы Киелі Кітапты оқып, ондағы қағидаларды қолданды. Осы сабақты зерттей отырып, сіз Киелі Кітапты зерттеудің пайдасы қандай болатынын көре аласыз.

Сабақтың қысқаша мазмұны

А. Киелі Кітапты неліктен зерттеу керек?

Ә. Киелі Кітапты зерттеудің қандай пайдасы бар?

Сабақтың мақсаттары

1. Киелі Кітапты зерттеудің артықшылықтары бар себептерді анықтаңыз.
2. Киелі Кітап сенімнің өсуіне қалай көмектесетінін көрсетіңіз.
3. Құдай Сөзін үнемі оқып-үйренудің маңыздылығын түсіндіріп беріңіз.
4. Киелі Кітапты шынайы ынтамен оқып-зерттеудің сегіз пайдасын атап өтіңіз.

А. Киелі Кітапты Неліктен Зерттеу Керек?

Әркімнің Киелі Кітапты оқып-зерттеуіне көптеген себептер бар. Біз мына үшеуін қарастырайық: 1) артықшылық; 2) рухани өсу жолдары; 3) Құдайдың бізге деген жоспарын үйрену әдісі.

Артықшылық

1 Мақсат. Киелі Кітапты зерттеудің артықшылығын анықтаңыз.

Бір күні менің достарым Дон мен Барб Англия патшайымымен кездесуге арнайы шақыруы бар хат алды. Өте маңызды біреуден хат алу – керемет артықшылық, бірақ хатта ұсынылған нәрсе одан да зор мәртебе еді, ол – патшайыммен кездесу мүмкіндігі!

Біз сіздермен бірге өте маңызды хат – күллі жер бетіндегі патшалардан да мәртебесі зор Құдайдың тікелей Өзінен жеке жолдау алдық! Бірақ хаттың өзінен гөрі маңызды нәрсе – оның мазмұнын оқи алу мүмкіндігімізде. Киелі Кітап деп аталатын бұл хатта Құдай бізді Өзінің балалары болуға және Өзімен бірге мәңгілік өмір сүруге шақырады! Әрі Құдайдың Ұлы Иса Мәсіхті жеке «Құтқарушым» деп қабылдағанда ғана, Оның баласы бола алатынымыз жайлы айтады. Құдайды білу және Оның бізге арналған уәделерін Киелі Жазбаны зерттеу арқылы ұғыну, бұл – керемет артықшылық емес пе?

Тапсырма

Тапсырма бөліміндегі сұрақтар мен жаттығулар оқылған материалды бекітуге көмектеседі. Жаттығудан бұрын тапсырманы мұқият оқып шығыңыз. Егер сіздің жауабыңыз бөлінген жолдарға сыймаса, оны жеке дәптерге жазып алыңыз, сондай-ақ сабақ бойынша өз ескертулеріңізді енгізе аласыз.

1 Жауаптың дұрыс нұсқасы бар әріпті шеңбермен қоршаңыз: «Адам үшін ең үлкен артықшылық – ... арнайы хат алу».

- а) өз елінің билеушісінен
- ә) ең жақсы досынан
- б) Құдайдан

2 Төменде келтірілген тұжырымдардың қайсысы Киелі Кітапты зерттеудің артықшылығын көрсетеді? Әр дұрыс жауаптың әріптерін шеңбермен қоршаңыз.

- а) Бұл – Құдайдың әрбір баласына берген жеке хаты.
- ә) Құдай сізге өзіңіз туралы және Өзі туралы айтқысы келеді.
- б) Өйткені сіздің оқу құралыңыздың авторы осылай бекітеді.

Осы сабақтың соңында жауаптарыңызды тексеріңіз.



Рухани өсу жолдары

2 Мақсат. Киелі Кітап сенушінің рухани өсуіне қалай көмек тесетінін көрсетеді.

Дені сау және қалыпты болып өсуі үшін балалар дұрыс тамақтануы керек, бұл – олардың жетілуі үшін ең маңызды нәрсе. Құдайдың балалары болғандықтан, біздің де рухани өсуіміз қажет.

«Қайта, Иеміз әрі Құтқарушымыз Иса Мәсіхтің рақымына кенеліп, Оны жақынырақ танып білуде өсе беріңдер! Оның ұлылығы қазір де, мәңгілікте де даңқтала берсін! Аумин» (2 Пет 3:18). Біздің рухани нәріміз – Киелі Кітап. Оны зерделей отырып, біз Құтқарушымыз Иса Мәсіхпен жақынырақ танысамыз. Бұл білім бізге мықты мәсіхші болуға көмектеседі. «Осылайша бәріміз бірге Құдайдың рухани Ұлына сеніп, Оны жақын білу арқылы Мәсіхтің кемелдігіне сай келетін біртұтас, жетілген қауым болмақпыз. Онда біз бұдан былай

әрбір ой толқынына тәлкек болған жас баладай кез келген ағымдағы ілімге ілесуден, әрі қу, айлакер адамдардың алдап-арбауына еріп азғындық жолға түсуден аулақ боламыз» (Еф. 4:13-14).

Тапсырма

3 Сөйлемдерді дұрыс толықтыратын екі жауапты таңдаңыз. Киелі Кітапты зерттеу сенушінің рухани өсуіне көмектеседі, өйткені ...

- а) ол рухани азық алады.
- ә) ол Иса Мәсіхті көбірек танып-біледі.
- б) оның білімі оны қауымда қажетті адам етеді.

Иса Мәсіхке уәде ретінде қайталау үшін келесі аяттарды жаттап алыңыз:

«Даңқталуға лайықсың, уа, Жаратқан, Үйрете
гөр жарлықтарыңдымаған. ... Бұйрықтарың жайлы
терең ойланамын, Сенің жолыңа мұқият ден қоямын.
Жарлықтарыңды қуана орындаймын, Сөздеріңді ешқашан
ұмытпаймын» (Заб. 118:12,15-16).

Құдайдың бізге деген жоспарын үйрену әдісі

3 Мақсат. Құдайдың бізге арналған жоспарын білудің маңыздылығын түсіндір.

Бірнеше жыл бұрын менің құрбымның жағдайы нашарлап кетті. Оның физикалық тәні ауырып қана қоймай, сонымен бірге қайғы-қасіретке де батты. Содан кейін ол жас жігіттен — болашақ күйеуінен хат алды. Ол құрбымды жұбатып, оны жақсы көретінін және оған үйленгісі келетінін жазған екен. Өзін жақсы көретін адамнан хат алғаннан кейін, оның қалпына тез келгені таңқаларлық еді.

Киелі Кітап хат сияқты, өйткені онда Құдайдың бізге деген сүйіспеншілігі туралы айтылған. Киелі Кітапта Құдай қалай өмір сүру керектігін айтады және біздің Өзімен бірге мәңгі өмір сүретін уақыттың келетініне уәде береді.

Егер біз қайғы-қасіретке батып, көңіліміз қалса, біз Құдайдан келген жеке хатты ашып, одан Құдайдың біз үшін жасаған жоспары туралы оқи аламыз. Бұл біздің уайымнан арылуымызға, жұбаныш алуымызға және әр адам Құдай үшін қымбат екенін көруімізге көмектеседі.

Киелі Кітапты оқып-зерттей отырып, біз Құдайдың өзіміз үшін жасаған жоспары туралы ғана емес, келесі бөлімде қарастыратын Құдайдың уәделері жайында да білеміз.

Тапсырма

4 Әрбір дұрыс аяқталған сөйлемнің алдындағы әріпті қоршаңыз. Құдайдың жоспарын үйрену біз үшін өте маңызды, өйткені ...

- а) онда Құдайдың бізге берген уәделері бар.
- ә) ол бізге үміт пен жұбаныш ұсынады.
- б) біздің соншалықты пайдасыз екенімізді көрсетеді.
- в) ол Құдайдың бізге деген сүйіспеншілігін көрсетеді.
- г) ол өмірге бағыт-бағдар береді.

5 Дәптеріңізге Забур жырының 118 Тарауынан сізге ашылған аяттарды жазыңыз. Оларды мінәжат ретінде айтыңыз, Жаратқан Иеге Оның Сөзі үшін алғыс білдіріңіз.



Ә. Киелі Кітапты ЗЕРТТЕУДІҢ ҚАНДАЙ ПАЙДАСЫ БАР?

4 Мақсат. Киелі Кітапты мұқият зерттеудің 8 пайдасын атап өт.

Пайда дегеніміз – бұл адамға тиімді нәрсе. Киелі Кітапты зерттеудің көптеген пайдаларының ішінен сегізін таңдап алайық:

Жанға арналған нан

Киелі Кітап – бұл жанның тіршілігін қамтамасыз ететін тамақ. Күнделікті оқып отырсақ, жан мен тәнге нәр беріп нығайтамыз. Иса оған былай деп жауап қатты: «Адам тек нанмен ғана емес, Құдайдың аузынан шыққан әрбір сөзімен өмір сүреді» деп (Тауратта) жазылған ғой!» (Мат 4:4).

Шаттану

Бізге жақын адамдар туралы жағымды жаңалықтар оқығанда қуаныш сезінетініміздей, Құдайдың бізге деген сүйіспеншілігі туралы оқудан да рахат табамыз. Тіпті оның нұсқаулары бізді шаттыққа бөлейді, өйткені Құдай оларды біздің игілігіміз үшін

берген. Заб. 118:111-де былай делінген: «Ережелерінді қабылдадым мәңгі мұраға, Жүрегімді кенелтеді олар қуанышқа».

Құдайдың жақындығы

Құдайдың Сөзін оқығанда, біз Оның алыста емес екенін сезінеміз. Ол бізге Сөзі арқылы жеке-жеке сөйлейді. Бұл – біз елестете алатын пайдалы нәрселердің ішіндегі ең үлкені.

Қолдау

Құдай Сөзі – жұбаныш пен жігерге толы. Ол мысал ретінде бізге сүйіспеншілікке толы қамқорлығын және әрдайым қамқор болуға уәде беретінін көрсетеді. Петірдің жазған хатында тамаша аят бар, соны жаттап алсаңыз тиімді болады: «Барлық уайымдарыңды Құдайға сеніп тапсырыңдар, себебі Ол қамдарыңды ойлайды!» (1 Пет. 5:7).

Іргетас

Іргетас – бұл барлық құрылысты ұстап тұрған негіз болып табылады. Мәсіх Өзінің Сөзі біздің өміріміз бен сеніміміз үшін қауіпсіз негіз екенін айтты. Кімде-кім Киелі Кітапты оқып-зерттей отырып оған сенбесе, ол іргетасы жоқ үй салған адамға ұқсайды.

Шабыт

Құдай Өз Сөзінің көмегімен құтқарылуға деген сенім береді, болашаққа үміт ұялатады, адамдарға сүйіспеншілік көрсетуге рухтандырады. Шабыт бізді жақсы шешімдерге және белсенді әрекетке итермелейді. Көптеген ақындар, музыканттар мен суретшілер Киелі Кітаптан шабыт алған. Киелі Кітап оларға поэмалар, әндер немесе тамаша суреттер жасау үшін көптеген идеялар берді.

Ақиқат

Киелі Кітаптағы ақиқат біз үшін ең маңызды сұрақтарға жауап береді де, бізге өмірдің мақсаты мен мәнін ашып көрсетеді. Шындық бізді надандық пен қателіктерден босатады. Мәсіх былай деді: «Сонда ақиқатты біле түсесіңдер, ал ақиқат сендерді азаттыққа жеткізеді» (Жох. 8:32).

Кепілдік

Кепілдік тек қауіпсіздікті ғана емес, сонымен қатар болашаққа деген қамқорлықты да білдіреді. Біз Құдай Сөзінен шынымен қауіпсіздік таба аламыз, себебі ол Мәсіхке және аспандағы мәңгілік үйге жетелейтініне сенімділік береді. Құдайдың Сөзі – біздің рухани қаруымыз, оны біз үнемі оқып-зерттеуіміз керек. Құдай Сөзі – біздің семсеріміз және күнә мен шайтаннан қорғайтын рухани қару-жарақ, бірақ біз оны үнемі зерттеп, өмірімізде қолдануға тиіспіз, сонда ғана ол рухани қару-жарақ ретінде бізді сақтауға септігі тиеді.

Тапсырма

6 Дәптерге есіңізде қалған Киелі Кітапты мұқият оқып-үйренудің сегіз пайдасын жазыңыз. Киелі Кітапты бұрын оқыған кезіңізден есіңізге түскен басқа да толықтырулар бар ма?

7 Сипаттаманың алдына сәйкес келетін сол жақ қатардағы нөмірді жазыңыз.

- | | |
|---|-----------------------|
| ... а) Бұл бізді күшейтетін тамақ. | 1) Кепілдік |
| ... ә) Құдай әрқашан бізбен бірге. | 2) Ақиқат |
| ... б) Құдай бізге қамқорлық жасайды. | 3) Шабыт |
| ... в) Киелі Кітаптағы Ізгі хабар қуаныш әкеледі. | 4) Іргетас |
| ... г) Біздің өміріміз Құдай Сөзіне негізделген. | 5) Қолдау |
| ... ғ) Біз қазір және болашақта қауіпсізбіз. | 6) Құдайдың жақындығы |
| ... д) Біз жақсы ой ойлап, әрекет етеміз. | 7) Шаттану |
| ... е) Бізді надандықтан, қателіктен босатады. | 8) Жанға арналған нан |



Тапсырма сұрақтарының жауаптары

Сұрақтардың жауаптары әдеттегі ретпен емес, сіз уақытынан бұрын келесі сұрақтың жауабын көріп қоймауыңыз үшін араластырылып берілген. Сізге қажетті жауап нөмірін іздеңіз, басқа жауаптарға қарамаңыз.

1 б) Құдайдан

5 Сіз осы аяттарды жатқа білесіз деп үміттенемін және сіз оларды мінәжат еткенде жиі пайдалана аласыз.

2 а) Бұл, Құдайдың әрбір баласына арнаған жеке хаты.

ә) Құдай сізге өзіңіз туралы және Өзі туралы айтқысы келеді.

6 Жанға арналған нан

Қуаныш

Құдайдың жақындығы

Қолдау

Іргетас

Шабыт

Ақиқат

Кепілдік

(Сіз бұл сабақта көрсетілген сүйіспеншілік, үміт, рухани өсу, мәңгі өмір және т.б. сияқты Киелі Кітапты оқып-үйренудің басқа да пайдалы жақтарын өзіңіз қоса аласыз).

3 а) Ол рухани азық алады.

ә) Ол Иса Мәсіхті көбірек танып-біледі.

7 а) 8) Жанға арналған нан

ә) 6) Құдайдың жақындығы

б) 5) Қолдау

в) 7) Шаттану

г) 4) Іргетас

ғ) 1) Кепілдік

д) 3) Шабыт

е) 2) Ақиқат

4 а) онда Құдайдың бізге берген уәделері бар.

ә) ол бізге үміт пен жұбаныш ұсынады.

в) ол Құдайдың бізге деген сүйіспеншілігін көрсетеді.

г) ол өмірге бағыт-бағдар береді.

САБАҚ 2 Құдайдың бізге берген кітабы

Құдай бізге Киелі Кітапты қалай бергені туралы ойландыңыз ба? Мүмкін періштелер жиналып, оны адамдардың бір жерден тауып алғанын отырып күткен болар? Немесе біреу өз өмірін оқуға, зерттеуге арнап, ақырында бізге өз философиясын жеткізгісі келген шығар?

Шын мәнінде бізге Өз Сөзін беру үшін, Құдай жоғарыда аталған тәсілдердің ешқайсысын пайдаланбады. Оның орнына Құдай бізге Киелі Кітап деп аталатын кітапты беру үшін әрқашан ең қарапайым адамдарды пайдаланды. Оның барлық кітаптарының үйлесімдігі мен өзара келісімді жағдайы ешқашан өзгермейді және олар Құдай туралы куәлік береді.

Киелі Кітаптың жазылуы керемет. Ал оның осы уақытқа дейін сақталғаны одан да зор ғажап. Бір пайғамбар патшаның пайғамбарлықтар кітабын отқа тастап өртеп жібергенін баяндайды. Бірақ Құдай сол пайғамбарға тағы да басқа шиыршық қағаз алып, бәрін қайтадан жазуға бұйрық берді (Ерем. 36:27-28). Құдайдың сөзін жою еш мүмкін емес!

Бұл сабақта біз Киелі Кітапты жазуға қатысты кейбір фактілерді оқып-зерттейміз: ол үшін Құдай кімді пайдаланды, Киелі Кітаптың бір бөлігі басқа бөлігімен қаншалықты келісімді, сондай-ақ бұның бізге қандай қатысы бар? Біз Киелі Кітаппен жақынырақ танысқан кезде, оны одан әрі бағалауды үйренеміз.

Сабақтың қысқаша мазмұны

- А. Киелі Кітаптың шығу тегі
- Ә. Киелі Кітаптың жалпы құрылымы
- Б. Жаңа және Көне Келісімдер арасындағы байланыс
- В. Киелі Кітаптың әр түрлі аудармалары

Сабақтың мақсаттары

1. Киелі Кітаптың пайда болуы мен құрылымын сипаттаңыз.
2. Жаңа Келісімнің Көне Келісіммен байланысын түсіндіріңіз.
3. Көне Келісім мен Жаңа Келісімнің кем дегенде үш айырмашылығын жазыңыз.
4. Жаңа Келісім мен Көне Келісім бір-бірін қалай толықтыратынына мысал келтіріңіз.
5. Киелі Кітаптың әр тілде болу қажеттілігіне бір себеп айтыңыз.
6. Киелі Кітаптың әр түрлі нұсқалары бар, соның бір себебін мәлімдеңіз.
7. Апокрифке қатысты кейбір фактілерді көрсетіңіз.

А. КИЕЛІ КІТАПТЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ?

Анықтама және бөлімдер

1 Мақсат. Киелі Кітаптың пайда болуы мен құрылымын сипаттаңыз.

Шын мәнінде, Киелі Кітап – бізге Құдай берген 66 кітабы бар шағын кітапхана. Біз оны «Киелі Кітап», «Киелі Жазбалар» немесе «Құдай Сөзі» деп атаймыз.

«Βίβλος» сөзі – кітаптар дегенді білдіреді. «Киелі» сөзі – Құдайға ғана тиесілі болғандықтан, біз оны қадірлеп құрметтейміз. 66 кітаптың әрқайсысы сондай қасиетті.

Тапсырма

1 Киелі Кітап қанша кітаптан тұрады?

- а) 29
- ә) 39
- б) 66

2 Құдайдың Сөзі болған Киелі Кітап –...

- а) әулиелер кітабы.
- ә) екі ежелгі кітапты қамтиды.
- б) Құдайдан келген, сондықтан біз оны құрметтейміз, себебі ол Оның Сөзі.



Киелі Кітаптың авторлары және Құдайдың рухтандыруы

2 Мақсат. Жаңа Келісімнің Көне Келісіммен байланысын түсіндіріңіз.

Шамамен қырыққа жуық адам Киелі Кітап жазу жұмысына Құдайдың рухтандыруымен кірісті. Олардың кейбіреуі бірнеше кітаптар жазған. Біраз кітапқа авторлары өз аттарын жазбаған, сондықтан есімдерін анықтай алмаймыз.

Құдайдың рухтандыруымен жазылған деген терминнің көмегімен Құдай Киелі Рухы арқылы авторларға Өзінің сөздері мен ойларын жібергенін түсінеміз, демек Құдай Өз сөзінің қағаз бетіне түскенін қалады. Киелі Кітапта Тімотеге арналған екінші хатта автор барлық Жазбалар Киелі Рухтың жетелеуімен жазылғанын айтады. Бұл жазушылар бір-бірімен кеңесе алмады, өйткені олар әр түрлі заманда өмір сүрген. Ең алғашқы кітаптар Мәсіхтің тууынан мың бес жүз жыл бұрын, ал соңғылары Мәсіх көкке көтерілгеннен кейін жүз жыл өткен соң жазылған. Бұл кітаптар Құдайдың рухтандыруымен жазылғандықтан, біз оларды «киелі» деп атай аламыз.

Авторлардың ішінде патшалар мен балықшылар, саясаткерлер, әскери және діни басшылар, шаруалар, көпестер және ақындар болған. Олардың әрқайсысы әр қилы жерден шықса да, қызығушылықтары әр түрлі болса да, бірдей тақырыпта жазды, өйткені Құдай оларға Киелі Рухын берді. Ал бұл тақырып Құдай

мен адамзаттың қарым-қатынасы жайында сөз қозғайды. Барлық кітаптарда ешқандай қарама-қайшылығы жоқ мұндай тәртіп мүмкін еді, себебі Киелі Кітапта әр түрлі адамдар арқылы сөйлеген Құдай – бір ғана Автор бар.

Келесі аяттарды жаттап алуыңыз маңызды:

«Себебі бұл пайғамбарлық сөздер ешқашан адам баласының қалауымен пайда болған емес. Қайта, Киелі Рух Құдайға бағышталған адамдарға Оның хабарларын айтуға қозғау салып отырды» (2 Пет. 1:21).

Тапсырма

- 3** Дұрыс толықтыратын сөйлемнің жауабын таңдаңыз:
Біз Киелі Кітапты Құдай Рухы жетелеген сөз деп айтатын болсақ, оның мағынасы Киелі Рух авторларға...
- а) оларға не жазу керек екендігі туралы кеңес берді.
 - ә) Құдай берген ой мен сөздерді жазып алуға бағыт берді.
 - б) Құдайдың ойлары мен жолдарының құпия-сырларын табуға мүмкіндік берді.
- Әрбір сұраққа ең дұрыс жауапты таңдаңыз.
- 4** Киелі Кітаптың бірінші кітабынан бастап соңына дейін жазылып біткенше қанша уақыт өтті?
- а) шамамен 50 жыл.
 - ә) шамамен 500 жыл.
 - б) шамамен 1600 жыл.
- 5** Киелі Кітапты жазуға Құдай кімдерді рухтандырды?
- а) өздері кездесіп жазған 40-қа жуық адам.
 - ә) 40 діни қызметкер мен пайғамбарлар.
 - б) әр түрлі тарихи кезеңдерде өмір сүрген, түрлі кәсіппен айналысқан 40 шақты адам.
- 6** Бұл адамдардың барлығы бір тақырыпта жазған және ешқайсысының жазбасы бір-біріне қарама-қайшы емес, себебі ...
- а) шын мәнінде автор «Құдай» болып табылады, өйткені оларды Киелі Рух бағыттады.
 - ә) алдыңғы авторлар келесілер үшін нұсқаулар қалдырды.
 - б) олар керемет жолы болғыш еді.



Ә. Киелі Кітаптың Жалпы Құрылымы?

3 Мақсат. Көне Келісім мен Жаңа Келісімнің кем дегенде үш айырмашылығын тізіп жазыңыз.

Екі адам немесе екі мемлекет қандай да бір келісім жасағысы келсе, олар «пакт» немесе «шарт» деп аталатын арнайы құжатқа қол қояды. Қол қойылғаннан кейін ол шарт күшіне енеді және еш бұзылмауға тиіс.

«Келісім» сөзі шарт, пакт, бітім дегенді білдіреді. Киелі Кітап «Көне Келісім» және «Жаңа Келісім» деп аталатын екі бөлікке бөлінген. Әрбір келісім Құдайдың адаммен жасасқан шарты болып табылады.

Киелі Кітаптың алғашқы беттерінің біріндегі «Мазмұны» деген бөлімде алдымен Көне Келісімнің кітаптарын, содан кейін Жаңа Келісімнің кітаптарын байқайсыз.

Көне Келісім «исраилдіктер» деп аталатын еврейлерге берілді. Құдай Өзінің ақиқатын қабылдап, оларды жазып, басқаларға үйретуі үшін дәл сол адамдарды таңдаған болатын. Көне Келісім еврей тілінде жазылған, себебі бұл Исраил халқының тілі болды.

Көне Келісім Жаңа Келісімді орнатқан Құтқарушы жерге келгенге дейін, әлемді жаратқаннан бергі Құдай мен адамның өзара қарым-қатынасы тарихының кезеңін қамтиды.

Жаңа Келісім кітабы – Құдай Өзінің Ұлы Иса Мәсіхті «Құтқарушым» деп қабылдаған барлық адаммен жасасқан жаңа келісім мен тарихи жағдайларды береді. Жаңа Келісім Иса Мәсіхтің өмірі мен тағылымы туралы баяндайды.

Жаңа Келісім жазылған кезде, грек тілі жалпыға белгілі тіл болды. Бұл Жаңа Келісім тек еврейлер үшін ғана емес, барлық адамдар үшін жазылғандықтан, Жаңа Келісімді грек тілінде көптеген адамдар оқи алды.

Тапсырма

7 Көне Келісімде Құдай Өз аяндары мен келісімдерін беру үшін кімдерді таңдады?

- а) Еврейлерді (исраилдіктерді).
- ә) Мәсіхшілерді.
- б) Гректерді.

8 Құдай Иса Мәсіхті өзінің Құтқарушысы ретінде қабылдайтын адамдармен жасасқан келісімнің шарттары мына жерде айтылады...

- а) Көне Келісімде.
- ә) Жаңа Келісімде.
- б) Кіші Пайғамбарлар кітаптарында.

9 Сөйлемді дұрыс аяқтайтын сөйлемдерді белгілеңіз.

Көне Келісім Жаңа Келісімнен өзгешерек. Көне Келісім – ...

- а) грек емес, еврей тілінде жазылған.
- ә) онда Жаңа Келісімнен көбірек кітаптар бар.
- б) арнайы еврейлерге арналып жазылған.
- в) Жаңа Келісімді жазған авторлардан басқа жазушылары болған.
- г) онда басқа тарихи кезең туралы жазылған.

Б. Жаңа және Көне Келісім Арасындағы Байланыс

4 Мақсат. Көнекелісімдік пайғамбарлықтың Жаңа Келісімде орындалғанына мысал келтіріңіз.

Көне Келісім өте маңызды, өйткені ол Құдайдың адамзатқа арналған жоспарын ашады. Бірақ бұл келісім Иса Мәсіх келгенше ғана әрекет етті, Ол келгенде, ең жақсы келісім – мәңгілік келісімді бекітті. Біз қазір жаңа келісім-шарттың аясында өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан ең алдымен Көне Келісімді оқымас бұрын, Жаңа Келісімді оқып шығуға ұсыныс жасаймыз.

Жаңа Келісім Көне Келісімге негізделген. Ол екі келісімнің арасындағы байланысты түсіндіріп қана қоймайды, сондай-ақ Көне Келісімде жазылған көптеген пайғамбарлық сөздердің орындалғанын да көрсетеді.

Мысалы, Көне Келісімде Миха пайғамбардың (5:2) кітабы бар, онда Құтқарушының еврейлердің Бетлехем қаласында дүниеге келетіні айтылған. Жаңа Келісімде Матай жазған Ізгі хабарда (2:1) Құтқарушы Иса Бетлехемде туылғаны туралы айтылады.

Көне Келісімнің Забур жыры кітабында (21:19) адамдар жеребе тастап, Құтқарушының киімін өзара бөліседі деп айтылған.

Шынында да, Иса айқышта өлген кезде, жасақшылар Оның киімін бөліп алды. Матай жазған Ізгі хабар 27:35 былай дейді: «Жасақшылар Исаны айқыш ағашқа керіп шегелеп, тік көтеріп қойды. Бұдан кейін Оның киімдерін жеребе тастап өзара бөлісіп алды».

Осындай жүздеген мысалдар келтіруге болады. Жаңа Келісімде орындалған Көне Келісімдегі пайғамбарлық сөздер жайындағы арнайы кітаптар да бар.

Көне Келісім тәріздес ежелгі кітаптың ұзақ уақыт өткеніне қарамастан сақталғаны өте керемет. Біз Құдай тандап алған адамдарға, Құдай сөзін қабыл алып, оны сақтап, басқаларға жеткізген адамдарға ризашылығымызды білдіруіміз қажет.

Тапсырма

- 10** Дұрыс жауаптардың алдында тұрған әріптерді белгілеңіз.
- а)** Көне Келісім еврейлерге берілгендіктен, бізге оны оқудың қажеті жоқ.
 - ә)** Жаңа Келісім – бұл Құдай мен оның адамдары арасындағы келісім, бірақ Көне Келісімде де біз үшін маңызды сабақтар бар.
 - б)** Көне және Жаңа Келісімдер адамзат үшін Құдайдың жоспарын ашады.
- 11** Киелі Кітап үшін кімге ерекше ризашылығымызды білдіреміз?

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

12 Көне Келісімдегі пайғамбарлардың сөздерін Жаңа Келісімде орындалуымен салыстырыңыз. Нөмірленген Жаңа Келісімдегі сәйкес келетін аяттарды нүктеленген жолақшаға жазыңыз.

- | | |
|--|------------------|
| ... а) 2 Патшалық 7:13 – Дәуіттің Ұрпағы, мәңгілік Патша. | 1) Аян 5:5 |
| ... ә) Жаратылыс 49:10 – Яһуданың патшалық руы. | 2) Матай 21:4 |
| ... б) Забур жыры 109:4 – Мәліксадық шеніндегі діни қызметші. | 3) Лұқа 1:17 |
| ... в) Ишая 7:14 – Пәк қыз құрсақ көтереді. | 4) Матай 26:15 |
| ... г) Ишая 40:3 – Жақияның жар салған үні: «Жаратқан Иеге жолды дайындаңдар». | 5) Лұқа 23:50-51 |
| ... ғ) Ишая 7:14 – Оның аты — Имануил. | 6) Матай 1:1 |
| ... д) Зәкәрия 9:9 – Иерусалимге есекке мініп келеді. | 7) Матай 1:23 |
| ... е) Зәкәрия 11:12 – 30 күміске сатылды. | 8) Еврей 5:6 |
| ... ө) Ишая 53:9 – мәйіті бай адамның қабіріне қойылды. | 9) Лұқа 1:31 |

В. Киелі Кітаптың Түрлі Аудармалары

Әр түрлі тілдер

5 Мақсат. Киелі Кітаптың әр тілде болу қажеттілігіне бір себеп айтыңыз.

Құдай әр адамның Иса Мәсіхті Құтқарушысы ретінде қабылдағанын қалайды (2 Пет. 3:9 көріңіз). Құдай, сондай-ақ, әрбір адам Киелі Кітапты біліп, оны ұғынғанын тілейді. Осы себепті Көне Келісім еврейлерге арнап еврей тілінде жазылған, ал Жаңа Келісім – бүкіл әлемдегі адамдар үшін грек тілінде жазылған.

Егер Киелі Кітап әр түрлі тілдерге аударылмаса, біз оны түсіне алмас едік, себебі көпшілік еврей, грек тілдерін білмейді. Егер біз кітапты жақсы білмейтін тілде оқитын болсақ, онда тіпті қарапайым нәрселер түсініксіз болып көрінеді. Сондықтан біз Киелі Кітапты зерттеп оқып, оны басқа тілдерге аударамыз және басып шығарамыз.

Киелі Кітаптың жаңа аудармаларымен үнемі жұмыс істейтін «Дүниежүзілік Киелі Кітап қоғамы» сияқты ұйым бар.

Әлемде шамамен 7 мың тіл белсенді пайдаланылады. 2016 жылдың қазан айына дейін Киелі Кітап немесе оның ішіндегі жекелеген кітаптары 3223 заманауи тілге аударылды және басылып шықты. Сондай-ақ Киелі Кітаптың толық мәтіні 636 тілде, Жаңа Келісім 1442 тілде басып шығарылды.

Әрбір жаңа аударма мәсіхшілерге үлкен қуаныш әкеледі, өйткені бұл тағы бір халық Киелі Жазбаны оқуға мүмкіндік алды дегенді білдіреді. Бірақ Киелі Кітап әлі аударылмаған жүздеген басқа тілдер бар. Құдай оларға күш-қуат пен даналық беру үшін, әрі тапсырманы орындау мақсатында осы бағытта жұмыс істейтін адамдар үшін мінәжат етеміз.

Тапсырма

13 Әрбір дұрыс аяқталған сөйлемді белгілеңіз. Киелі Кітаптың әр түрлі тілдерге аударылуы бүкіл әлемге қажет, себебі ...

- а) Құдай барлық адамдардың Өзінің Сөзін түсінгенін қалайды.
- ә) көптеген адамдар грек тілі мен еврей тілін де білмейді.
- б) ана тілінде жазылғанды түсіну оңайырақ.

Әр түрлі нұсқалары

6 Мақсат. Киелі Кітаптың әр түрлі нұсқалары бар, соның бір себебін мәлімдеңіз.

Кейде бір тілде бірнеше аудармалар түрі болады, себебі тілдер уақыт өте өзгереді. Бұрынғы аударма ескірген және онда көп нәрсе түсініксіз болған кезде, бұндай аударма қайта қарауды қажет етеді.

Ескі сөздер күнделікті сөйлеуде қолданылатын жаңа сөздермен ауыстырылады.

Аударманы жаңарту Киелі Кітаптың мазмұны мен ілімінің өзгеруін білдірмейді. Барлық аудармалар, мейлі жаңа, мейлі ескісі болсын, бұл – сол Киелі Кітап. Аудармашылар грек және еврей түпнұсқасында берілген мағынаны бізге жеткізуге тырысады.

Киелі Кітаптың қазақ тіліндегі ең көп тараған аудармасы – бұл 2010 жылғы аударма. Бұл аударма сенуші емес оқырмандарға да арналған. Сонымен қатар соңғы уақытта аудармалардың қазіргі заманғы нұсқалары пайда болды. Салыстыру үшін Ғал. 3:27-ні 2010 және 2019 жылдардың аудармаларында қарастырайық:

«Мәсіхпен тығыз байланысып, шомылдыру рәсімінен өткен бәрің де Мәсіхтің рухани қасиеттеріне бөлендіңдер». (2010)

«сендердің бәрің Мәсіхте шомылдырылғандар, Мәсіхте киіндірілдіңдер». (2019)

Кейбір адамдар 2010 жылғы Киелі Кітаптың аудармасын оқығанда оңай түсінеді, ал басқалары 2019 жылғы аударманы ұнатады.

Тапсырма

- 14** Қазақ тіліндегі Киелі Кітапты аударудың бірнеше нұсқасы бар, себебі аудармашылар ... қалаған.
- а) оны өз ұғымдарына сәйкес қылуды
 - ә) адамдарға түсінікті тілде болғанын
 - б) басқа тілге аударуды қиындатуды
- 15** Киелі Кітапты аударудың әр түрлі «нұсқалары» туралы айтатын болсақ, біз ... ойлаймыз.
- а) түптеудің жаңа сапасы туралы
 - ә) бір тілдегі түрлі аудармалар туралы
 - б) аударуға қиын сөздер туралы

16 Бәлкім біраз уақыттан кейін біздің тілімізде де Киелі Кітап аудармасының бірнеше нұсқасы болар. Себебі, ...

- а) Киелі Кітап баспагерлері көп ақша тапқысы келеді.
- ә) кейбір сөздердің мәні уақыт өте келе ескіреді немесе басқа мағынаға ие болады.
- б) әркім әрқашан жаңа нәрсені қалайды.



Апокриф

7 Мақсат. Апокрифке қатысты кейбір фактілерді көрсетіңіз.

Киелі Кітаптың кейбір басылымдарына апокрифтік кітаптар, яғни шығу тегі белгісіз кітаптар енгізілген. Бұл кітаптарда кейбір тарихи деректер, әсіресе Көне және Жаңа Келісім (шамамен 400 жыл) арасындағы уақыт жөнінде деректер бар болғанына қарамастан, бұл деректердің барлығы бірдей нақты емес. Бұл кітаптарда, шын мәнінде, Құдайдың рухтандыруымен жазылған кітаптар екеніне дәлелдер жетіспейді, сол себепті олар Киелі Кітаптың бір бөлігі бола алмады.

Бұл кітаптардың барлығы *«апокриф»* деп аталды, ол сөз грек тілінен алынған және «жасырын нәрсе» дегенді білдіреді. Ондай кітаптар орта деңгейдегі адамның түсіну қабілетінен жоғары деп саналды, ал Киелі Жазба барлығымызға пайда мен рухани қуаныш үшін берілген. Құдай «барлық адамдардың құтқарылып, шындықты біліп алуларын қалайды» (1 Тім 2:4).

Тапсырма

17 *«Апокриф»* сөзі:

- а) жасырын нәрсе.
- ә) күмәнді.
- б) жартылай тарихи.

18 Киелі Кітаптың көптеген басылымдарына апокрифтік кітаптар енгізілген жоқ, себебі...

- а) олар тым ұзын.
- ә) олардың Құдайдың рухтандыруымен жазылғанына растау жоқ.
- б) оларды аудару қиын.



Сұрақтарды дұрыс жауаптармен салыстыра тексеріңіз.

1 б) 66

10 Мәлімдемелер **ә)** және **б)** дұрыс

2 б) Құдайдан келген, сондықтан біз оны құрметтейміз, себебі ол – Оның Сөзі.

11 Құдай таңдаған адамдар үшін.

3 б) Құдайдың ойлары мен жолдарының құпия-сырларын табуға мүмкіндік берді.

12 а) 6) Матай 1:1

ә) 1) Аян 5:5

б) 8) Еврей 5:6

в) 9) Лұқа 1:31

г) 3) Лұқа 1:17

ғ) 7) Матай 1:23

д) 2) Матай 21:4

е) 4) Матай 26:15

ё) 5) Лұқа 23:50-51

4 б) Шамамен 1600 жыл.

13 барлық үш себебі дұрыс

5 б) әр түрлі тарихи кезеңдерде өмір сүрген, түрлі кәсіппен айналысқан 40 шақты адам.

14 ә) адамдарға түсінікті тілде болғанын.

6 а) шын мәнінде автор «Құдай» болып табылады, өйткені оларды Киелі Рух бағыттады.

15 ә) бір тілдегі түрлі аудармалар туралы.

7 а) Еврейлерді (исраилдіктерді).

16 ә) кейбір сөздердің мәні уақыт өте келе ескіреді немесе басқа мағынаға ие болады.

8 ә) Жаңа Келісімде.

17 а) жасырын нәрсе

9 Барлық жауаптар дұрыс.

18 ә) олардың Құдайдың рухтандыруымен жазылғанына растау жоқ.

САБАҚ

Киелі Кітаптан қажет нәрсені қалай табуға болады

Менің әжемнің ас үйінде ешкім ештеңе таба алмайтын. Ұн «қант» белгіленген қорапта, ал шай «тұз» деп жазылған қорапта болды. Бірақ бұл үлкен қиындық тудырмады, өйткені кішкентай ас үйде тек әжем ғана тамақ жасаумен шұғылданатын.

Бір көшеден кейінгі Көшедегі үйдің ас үйінде жағдай мүлдем басқаша еді. Барлық өнімдер дұрыс белгіленген, өйткені ас үйге балалардың анасынан бөлек отбасының басқа мүшелері де кіреді. Оның күйеуі таңғы ас дайындағанды жақсы көреді, ал қызы жиі түскі ас дайындайды. Сондықтан барлық ыдыстар мен тамақтар ас үйде әрбір адам өзіне қажетті нәрсені таба алатындай ретпен орналасқан.

Тәртіп пен құрылым кез-келген жүйенің жұмыс істеуі үшін қажет. Осылайша Киелі Кітап та қажет қазынаны оңай тауып, оларды түсіну үшін дұрыс жүйеленген. Аудармаға қарамастан, біздің Киелі Кітабымызда бірдей тараулар мен аяттарды адамдар жоғалтып алмау жағы қамтамасыз етілген. Индекстер мен мазмұны оқырмандарға Киелі Кітаптың белгілі бір жерін тауып алуға бағыт береді.

Сабақтың қысқаша мазмұны

- А. Киелі Кітап сілтемелері
- Ә. Оқу құралының анықтамасы
- Б. Үйлесімділік

Сабақтың мақсаттары

1. Киелі Кітап сілтемелерін қалай анықтауға болатындығын біліңіз.
2. Оқу құралының қолданылуын анықтаңыз.
3. Үйлесімділікті қолдану тәсілдерін сипаттаңыз.

А. Киелі Кітап Сілтемелері

1 Мақсат. Киелі Кітап сілтемелерін қалай анықтауға болатындығын біліңіз.

Киелі Кітаптың әрбір кітабы оқып-үйренуге оңай болу үшін тарауларға бөлінген. Әрбір тараудағы сөйлемдер ұсақ сандармен нөмірленген бөліктерге бөлінген. Олар *«аят»* деп аталады. Киелі Кітапта қандай да бір орынды көрсету үшін біз алдымен кітаптың атауын, содан кейін тараудың нөмірін және аят нөмірін айтамыз. Мұның бәрі *«Киелі Кітапқа сілтеме»* деп аталады.

Киелі Кітаптың бірінші кітабы Таураттағы *«Жаратылыстың басталуын»* қарастырып көрейік. Бірінші тараудың ең басында тұрған «1» санына назар аударыңыз. Осы тараудың бірінші аяты 1 деген кішкентай санмен белгіленген және *«Әуел баста ...»* деген сөздерден басталады. Киелі Кітапта бұл орынға сілтеме жасау үшін *«Жаратылыстың басталуы, бірінші тарау, бірінші аят»* деп айтамыз немесе жазамыз. Сіз Киелі Кітаптың әрбір аятының алдында ұсақ сандар тұрғанын көресіз.

Енді келесі үлкен санды қараңыз «2». Екінші тараудың басы осылай белгіленген. Бірінші аят былай басталады: *«Осылайша аспан мен жер және олардың барлық құрылымдары...»*. Бұл орынға сілтеме жасау үшін Киелі Кітапта: *«Жаратылыстың басталуы, екі, бір»* деп жазамыз. Екінші тарауда аяттар саны – 25.

Енді қараңыз «Жаратылыстың басталуы бес, бір». «Бұл Адамнан тараған ұрпақтың ...» деп бірінші аят осылай басталады. Киелі Кітапқа сілтеме жасаған кезде, тарау мен аят сөздерін айтып жатудың қажеті жоқ, тек сандарды ғана айтсақ, жеткілікті. Яғни «Жаратылыстың басталуы 5:1» деп қысқа қайырамыз.

«Жаратылыстың басталуы 5:1-5» десе, не байқайсыз? Екі санның арасындағы сызықша бірінші аяттан бесінші аятқа дейінгі мәтінді айтып тұр. Егер біз бір тараудағы бірнеше өзара алшақ орналасқан аяттарды көрсеткіміз келсе, онда біз осы аяттарды үтірмен бөлеміз. Мысалы, «Ешуа 1:5, 8, 10». Айтылуы: «Ешуа, бірінші тарау, бесінші, сегізінші және оныншы аят».

Егер біз бір кітаптың әр түрлі тарауларынан үзінділерді көрсеткіміз келсе, біз оны нүктелі үтір арқылы көрсетеміз. Мысалы, «Матай 1:21; 2:1-6» дегеніміз: «Матай бірінші тарау, жиырма бірінші аят; екінші тарау, бірінші аяттан алтыншы аятқа дейін».

Кейбір кітаптар, мысалы, 1 Патшалық кітабы және 2 Патшалық кітаптарының атаулары бірдей және бір-бірімен тіркесе жүреді. Жазушы Жоханның есімі жазылған үш хаты бар. Сондықтан оның біреуіне сілтеме Жохан атымен болғандықтан, былайша айтамыз: «Жоханның бірінші хаты, бірінші тарау, тоғызыншы аят» «1 Жохан 1:9» деп жазылады.

Сізге тараулар мен аяттарды бөлудің осындай тәсілін есте сақтау қиын емес деп үміттенемін. Ол өте ыңғайлы және іс жүзінде қолайлы, сіз Киелі Кітапты ары қарай оқу кезінде соған көз жеткізесіз.

Тапсырма

1 Келесі кестеде әр бос жолға жетіспейтін ақпаратты толтырыңыз.

Сілтемесі	Айтылуы
а) Жох 3:16
ә)	Римдіктерге алты, жиырма үш
б) 1 Жох 1:8-10
в)	Римдіктерге он екі, он төрт, он алты және он сегізінші аят
г)	Матай бір, бір; және бес, бірінші, үшінші аят

- 2** Матай 1:1-4 – бұл Матай Жазған Ізгі Хабардың бірінші тарауының алғашқы төрт аятына сілтеме. Көрсетілген сілтемелердің әрқайсысында қанша аят бар?
- а)** Жаратылыс 8:18–22 - аяттар
- ә)** Жаратылыс 8:18, 22 - аяттар
- б)** Жаратылыс 8: 18–20, 22 - аяттар
- 3** Матай 1:21; 2:1; және 3:16. Бұл аяттарда не туралы айтылған?
- а)** Иса, даналар, Жақия Шомылдырушы және шәкірттер.
- ә)** Иса, даналар, Исаның Шомылдыру рәсімінен өткен кездегі Киелі Рух.
- б)** Иса, Жүсіп және бақташылар.

Сілтемелерді табу

Киелі Кітаптың алдыңғы жағында мазмұны бар, онда Киелі Кітаптың әр кітабы және әр кітап басталатын беттің саны жазылған. Алдымен Жазбаның белгілі бір үзіндісін тапқыңыз келгенде, сізге осы индексті қолдану қажет болуы мүмкін.

Алайда Киелі Кітапқа негізделген сілтемелерді табудың ең жақсы тәсілі – Киелі Кітапты тиісті тәртіппен жаттау. Мұны балалар тез үйренеді, ересектер де біле алады. Сіз күн сайын бес-алты есімді қайталап, өзіңізбен бірге алып жүру үшін оларды карточкаларға жазып алып жаттай аласыз; сөйтіп тез арада олардың бәрін есте сақтайсыз. Киелі Кітаптың кез-келген бөлігін табу үшін көп күш жұмсаудың қажет болмайтынын аңғарасыз.

Тапсырма

4 Әр сілтемені сол жақтан іздеңіз және оны оң жақтағы дұрыс аятпен сәйкестендіріңіз.

... **а)** Філіп. 4:19

... **ә)** 1 Жох. 1:8

... **б)** Ешуа 1:9

... **в)** Заб. 22:1

1) «Сонымен саған мынаны бұйырамын: қайратты да батыл бол! Еш нәрседен абыржып, қорқушы болма! Қайда барсаң да, Құдайың Жаратқан Ие сенімен бірге жүріп жар болады».

2) «Егер «күнәсізбіз» десек, онда өзімізді алдап, бізде шындықтың болмағаны».

3) «Жаратқан Ием — менің Бағушым, Мен еш нәрседен де тарықпаймын».

4) «Ал Иса Мәсіхпен жүрген сендердің барлық қажеттеріңді де менің Құдайым Өзінің керемет байлығы бойынша қамтамасыз ететін болады».



Ә. Оқу Құралының Анықтамасы

2 Мақсат. Оқу құралының қолданылуын анықтаңыз.

Кейбір Киелі Кітаптарда зерттеу сілтемелері ортасына, шетіне, әр беттің төменгі жағына немесе әр тараудан кейін берілген. Оларды кейде айқас сілтемелер немесе шеткі сілтемелер деп атайды және олар сізге сол тақырыпқа қатысты аяттарды табуға көмектеседі.

Киелі Кітаптағы кейбір сөздердің қасында тұратын кішкентай әріптер сізге оларды сілтеме аймағында іздеу керектігін айтады. Бұл кішкентай әріп арқылы сіз Киелі Кітаптағы параллель орындарға бағыт көрсететін сілтемелерді табуыңызға болады. Егер сіз Киелі Кітапты керекті тақырып бойынша зерттегіңіз келсе, осы жүйені қолдана аласыз.

Киелі Кітаптағы сілтемелер мен басқа да пікірлер пайдалы, бірақ олар Құдайдың Рухымен жазылмаған. Оларды бізге Киелі Кітапты оңай түсінуге көмектесу үшін Киелі Кітаптың оқытушылары мен ғалымдары жазған.

Тапсырма

- 5 Киелі Кітаптағы кейбір сөздердің қасында жазылған ұсақ әріптер
- арнайы тарауларға бөледі.
 - басқа әліпби.
 - оқу құралының анықтамасы.
- 6 Шеткі немесе айқас сілтемелер (зерттеуге арналған сілтемелер) сізге мына нәрселерді табуға көмектеседі:
- сол тақырыптағы Киелі Кітап аяттары.
 - қажетті тақырып бойынша оқылатын кітаптар.
 - Киелі Кітаптың авторлары.

Б. Үйлесімділік

3 Мақсат. Үйлесімділікті қолдану тәсілдерін сипаттаңыз.

Үйлесімділік – бұл Киелі Кітаптағы негізгі сөздердің және әліпби тәртібімен берілген деректердің тізімі. Ол Киелі Кітапта әрбір сөз қай жерде қолданылғанын көрсетеді. Қазіргі уақытта қазақ тіліне аударылған Киелі Кітаптың Үйлесімділігі жасалған жоқ. Бірақ болашақта Үйлесімділік жасалады. Біздің кеңестер мен ұсыныстарымыз сізге оны пайдалануға көмектеседі деп үміттенеміз.

Киелі Кітап Үйлесімділігі өте қолайлы. Айталық, сіз «*сүйіспеншілік*» деген сөзі бар аяттарды оқығыңыз келеді. Бұл сөзді Үйлесімділіктен тауып алыңыз. Табылған сөздің жанында сіз бұл сөз қолданылған Киелі Кітаптағы аяттардың бәріне берілген сілтемелерді көресіз. Мұнда *сүйіспеншілік* деген сөзді қолданған Киелі Кітаптың әр тармағынан бірнеше сөздер келтірілген.

Киелі Кітаптан белгілі аятты қайдан табуға болатынын білгіңіз келсе, Үйлесімділік сізге көмектесе алады. Мүмкін сіз аяттың бәрін немесе оның бір бөлігін ғана білесіз, бірақ сілтемені білмейтін шығарсыз. Аятты еске түсіретін сөздерден негізгі сөзді таңдап, сол сөзді іздеңіз. Сіз сілтемелер ішінен өзіңіз іздеген аятты сөздер арқылы таба аласыз.

Мысалы, сіз «Өйткені ақшақұмарлық — әр түрлі жамандықтың түп-тамыры» деген сөздері бар аяттарды тапқыңыз келеді делік.

Мүмкін осы аяттан сіздің есіңізде қалған сөздер: *«жамандықтың түп-тамыры»* немесе *«ақшақұмарлық»* болуы ықтимал. Үш негізгі сөз бар екенін байқаңыз: *«түп-тамыры»*, *«жамандықтың»* және *«ақшақұмарлық»*. Түйінді сөз, әдетте, тек сөздің бірінші әрпімен анықталады. Егер сіз *«түп-тамыр»* деген сөзді іздесеңіз, сізге төмендегідей ұқсас аяттар табылуы мүмкін.

Римдіктерге 11:16 – «түбірі».

Еврейлерге 12:15 – «улы жеміс беретін тамырды».

1 Тимотеге 6:10 – «Өйткені ақшақұмарлық — әр түрлі жамандықтың түп-тамыры».

Егер сіз «тамыры» сөзінің қасынан қажетті аятты таба алмасаңыз, онда сіз «ақшақұмарлық» деген сөзді тауып алуыңыз керек.

Жоғарыда қарастырылған 1 Тім. 6:10 аяты көп жағдайда дәйексөз ретінде қате қолданылады. Сонымен Үйлесімділікті қолданудың қосымша артықшылығы – ол бізге осындай қателіктерді табуға мүмкіндік береді.

Ал сіздің Киелі Кітабыңызда Үйлесімділік пен парақтың жиегінде жарыспалы сілтемелер бар ма? Бұл мұғалімдерге, уағыздаушыларға және Құдай үшін жұмыс істегісі келетіндерге маңызды көмек. Мүмкін сіз уағыздаушы немесе мұғалім болуды жоспарламассыз; алайда егер сіз оқу сілтемелерін және келісімді қолданатын болсаңыз, сіз әлі де көптеген жаңа нәрселерді біле алатыныңыз сөзсіз.

Тапсырма

7 Төменде көрсетілген екі тұжырымның қайсысы дұрыс?

- а)** Үйлесімділік – Киелі Кітаптағы негізгі сөздер тізімі.
- ә)** Үйлесімділік – тек қана уағыздаушылар мен мұғалімдерге арналған.
- б)** Егер сіз өзіңіз тапқыңыз келетін аяттың бір-екі сөзін ғана есіңізде сақтай алсаңыз, оны Үйлесімділіктің көмегімен табуға болады.
- в)** Үйлесімділік пен жарыспалы сілтеме бірдей.

Сұрақтарды дұрыс жауаптармен тексеріңіз.

1 а) Жохан үш, он алты.

ә) Рим. 6:23.

б) бірінші Жохан бірінші тарау, сегізінші аяттан оныншыға дейін.

в) Рим. 12:14, 16, 18.

г) Мат. 1:1; 5:1-3.

5 б) оқу құралының анықтамасы.

2 а) бес

ә) екі

б) төрт

6 а) сол тақырыптағы Киелі Кітап тараулары.

3 ә) Иса, даналар, Исаның Шомылдыру рәсімінен өткен кездегі
Киелі Рух.

7 а) және б) дұрыс

4 а) 4) Філіп. 4:19

ә) 2) 1 Жох. 1:8

б) 1) Ешуа 1:9

в) 3) Заб. 22:1

САБАҚ 4 Көне Келісім Кітаптары

«Көне Келісім кітаптарын оқу – кез келген көне тарихи кітаптарды оқуға ұқсас» деген тұжырымды біздің Киелі Кітапты зерттеу тобымызға жақында келген бір жас жігіт айтты. Алайда көп ұзамай Көне Келісімнің кейбір кітаптарын зерттей отырып, ол өз пікірін өзгертті.

Көне Келісімде, мәселен, жер мен адамның жаратылуы, еврей халқының тарихы және т.б. сияқты тарихи сипаттамалар бар, бірақ онда, сонымен қатар, басқа да қызықты да маңызды жайттар қозғалған. Кейде сол тарих әр түрлі көзқараспен қайталанатын немесе ашылады. Одан басқа пайғамбарлардың да сөздері бар, олардың көпшілігі орындалды, ал басқалары әлі орындалуы тиіс. Көне Келісімде, сондай-ақ, сүйіспеншілік туралы оқиғалар, поэтикалық кітаптар, нақыл сөздер де мол.

Біз тарихи кітаптарда жазылған кейіпкерлердің шын болғанына сене аламыз, өйткені Көне Келісім сол кездегі қарапайым халық жайындағы оқиғаларды қамтиды. Бұндай оқиғалардың маңызы еш кем емес, себебі олар Құдайдың Өз халқымен қарым-қатынасы жайында нақты көрініс береді.

Көне Келісімнің барлық кітаптарын бес негізгі тақырыпқа бөлуге болады. 3 Сабақта біз кітаптарды тарауға және аятқа бөлу туралы айттық. Енді біз Көне Келісім кітаптарының негізгі бөлімдері немесе жіктеулерін қарастырамыз.

Сабақтың қысқаша мазмұны

А. Көне Келісім кітаптарын топтастыру

Ә. Жіктеу туралы түсініктеме.

Сабақтың мақсаттары

1. Көне Келісімнің негізгі жіктеулерін анықтаңыз.
2. Заңның бес кітабын атаңыз және анықтаңыз.
3. Тарихи кітаптардың әрқайсысының мазмұны туралы жалпы фактілерді мәлімдеңіз.
4. Киелі Кітаптағы поэтикалық кітапқа сипаттама беру.
5. Үлкен Пайғамбарлар кітабының жалпы әр тақырыбын мәлімдеңіз.
6. Әр Кіші Пайғамбар кітабының бір ерекшелігін атаңыз.

А. КӨНЕ КЕЛІСІМ КІТАПТАРЫН ТОПТАСТЫРУ

1 Мақсат. Көне Келісімнің негізгі жіктеулерін анықтаңыз.

Көне Келісімнің бес негізгі жіктеуі бар. Көне Келісімнің отыз тоғыз кітабы келесідей топтастырылған:

Заң кітаптары	5
Тарихи кітаптар	12
Поэтикалық кітаптар	5
Үлкен пайғамбарлар	5
Кіші пайғамбарлар	12

Киелі Кітаптың бірінші беттерінде сіз Көне Келісімнің барлық кітаптарының мазмұнын таба аласыз. Олар келесі тәртіппен топтастырылуы мүмкін, ал жоқ болса, төмендегі кесте сізге көмекке келеді:

ЗАҢ КІТАПТАРЫ	ТАРИХИ КІТАПТАР	ПОЭТИКАЛЫҚ КІТАПТАР	ҮЛКЕН ПАЙҒАМБАРЛАР КІТАПТАРЫ	КІШІ ПАЙҒАМБАРЛАР КІТАПТАРЫ
Жаратылыстың басталуы Мысырдан көшіп шығу Леуіліктер Руларды санау Заңды қайталау	Ешуа Билер Рут 1-4 Патша 1-2 Шежіре Езра Нехемия Естер	Әйүп Забур жырлары Нақыл сөздер Даналықты уағыздаушы Сүлейменнің таңдаулы әні	Ишяя Еремия Еремияның жоқтауы Езекиел Даниял	Ошия Жоел Амос Абди Жүніс Миха Нақұм Аббақұқ Софония Хаққай Зекәрия Малахи

Мүмкін сіз пайғамбарларды не үшін үлкен және кіші пайғамбарлар деп бөліп тастаған деп ойлаған шығарсыз. Жіктеудің мазмұнмен байланысы аз, өйткені барлық кітаптар маңызды. Дегенмен Үлкен пайғамбарлық кітаптар ұзағырақ (Жоқтау кітабын қоспағанда); Кіші пайғамбарлық кітаптар қысқарақ.

Тапсырма

1 Көне Келісім кітаптарының топтарын дұрыс орналастырыңыз.

Әрбір топ алдында (1-5) реттік нөмір қойыңыз:

- ... а) Үлкен Пайғамбарлар
- ... ә) Заң кітаптары
- ... б) Поэтикалық кітаптар
- ... в) Кіші Пайғамбарлар
- ... г) Тарихи кітаптар

2 Төмендегі жіктеулердің әрқайсысында қанша кітап бар?

Заң кітаптары:

Кіші Пайғамбарлар кітаптары:



Ә. ЖІКТЕУ ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕМЕ

Заң кітаптары

2 Мақсат. Заңның бес кітабын атаңыз және анықтаңыз.

Киелі Кітаптың алғашқы бес кітабы бізге заң кітабы ретінде белгілі. Басқаша айтқанда, олар «бес кітап» деп аталады. Бес кітапты еврей халқының ұлы көсемі әрі азат етушісі Мұса жазған. Сол себептен оларды кейде «Мұсаның кітабы» деп те атаған.

Бірінші кітап *«Жаратылыстың басталуы»* деп аталады, бұл «басы» немесе «шығу тегі» дегенді білдіреді. Жаратылыстың басталуы: әлемнің құрылуы, адамның шығу тегі, топан су жөнінде және Ыбырайымды Құдайдың шақыруы туралы әңгімелейді.

Екінші кітап *«Мысырдан көшіп шығу»* деп аталады және «шығу» дегенді білдіреді. Бұл кітап Құдай Өз халқын Мысыр құлдығынан қалай шығарғаны, Қызыл теңіз суын қалай бөлгені және ол арқылы халықты өткізгені туралы; Құдай Өз халқы уәде етілген жерге барғанша, олардың мұқтаждықтарын қалай толықтырғанын айтады. «Мысырдан шығуда» Исраил халқына арналып он өсиет және басқа да заңдар жазылған.

Үшінші кітап – *«Леуіліктер»*. Леуілік деген ат діни қызметкерлер руы леуіліктерден шыққан. Бүкіл әлемнің күнәсі үшін құрбан болатын Мәсіхті күтуде бұл кітап діни қызметкерлерге және құрбандық ұсынатындарға нұсқау береді.

Төртінші кітап *«Руларды санау»* халықтың санақтан өтуі жайында хабарлайды. Санақ жүргізу жас ұлт үшін әкелері Ыбырайымға уәде етілген жерді иемденуде аса маңызды болды.

Бесінші кітап *«Заңды қайталау»* Құдайдың халқы үшін нұсқау, Мұсаның қоштасу сөзі және онда Ешуа Нұнұлына Мұса қайтыс болғаннан кейінгі Исраил халқын басқаруына қатысты берілген нұсқаулар бар.

Бес кітап 2500 жыл бойына созылған Құдай мен адамның қарым-қатынасы туралы айтады және тарих үшін құтқарылудың негізін қалайды.

Тапсырма

- 3** Заңның бес кітабының аттарын жаттап алыңыз. Содан кейін, тізімге қарамай осы кітаптардың аттарын жазыңыз.
- а)
- ә)
- б)
- в)
- г)
- 4** Сол жақтағы сипаттаманы оқып, оған сәйкес келетін кітаптың санын сол сипаттаманың алдына жазыңыз.
- | | |
|-----------------------------------|--------------------------|
| ... а) Құлдықтан босатылуы. | 1) Жаратылыстың басталуы |
| ... ә) Діни қызметкерлерге ереже. | 2) Мысырдан көшіп шығу |
| ... б) Адамды жаратуы. | 3) Леуіліктер |
| ... в) Халықты санау. | 4) Руларды санау |
| ... г) Мұсаның қоштасу сөздері. | 5) Заңды қайталау |
- 5** Әрбір дұрыс аяқталған сөйлемнің алдында тұрған әріптерді шеңберлеп белгілеңіз: Киелі Кітаптың алғашқы бес кітабы «заң кітаптары» деп аталады, себебі оларда...
- а) Құдай халқы үшін ережелер бар.
- ә) Еврей халқының тарихына 2500 жыл.
- б) 10 Өсиет бар.
- в) Леуіліктерге арналған нұсқаулар бар.



Тарихи кітаптар

3 Мақсат. Тарихи кітаптардың әрқайсысының мазмұны туралы жалпы фактілерді мәлімдеңіз.

«Тарихи кітаптар» тобына 12 кітап кіреді, оларда Исраил халқының тарихы, сондай-ақ Құдай мен адамның қарым-қатынасы туралы айтылады.

Тарихи кітаптардың бірі «Ешуа» деп аталады. Ешуа Нұнұлы Мұса қайтыс болғаннан кейін еврей халқының көсемі болды және Қанахан жерін жаулап алды. Ешуа Нұнұлының кітабы оның жаулап алған жерлері туралы айтады.

Алайда көптеген ұсақ патшалар мен қалалар Исраилге қарсы шығуға тырысты. «Билер» Қанахандағы жеңілістер мен жеңістер жайындағы истраилдік тарихтың 400 жылын қамтиды: халық Құдай туралы ұмытқан кезде жеңіліске ұшырады және халық тәубеге келген кезде жеңіске жетті, әрі Құдай оларға азат етуші билерді жіберді.

«Рут» билер басқарған заманда өмір сүрген Моаб елінен шыққан бір қыз туралы айтылады. Ол Дәуіттің үлкен әжесі болды және есімі Иса Мәсіхтің шежіресіне кірді.

«Патшалықтар туралы 1-2 жазбалар» басқаша, «Самуил» деп те аталады. Бұл атау Самуилден шықты, ол соңғы би болып табылады. Ол, сонымен қатар, дін қызметкері, пайғамбар, мұғалім болды және Исраил патшалығының қалыптасуында маңызды рөл атқарды.

«Патшалықтар туралы 3-4 жазбалар», «Шежірелер туралы 1-2 жазбалар» еврей мемлекетінің тарихы және оның Яһудея мен Исраил патшалығына қалай бөлінгені туралы әңгімелерді жалғастыруда.

Құдай діни қызметкер «Езра» мен көрнекті қайраткер «Нехемияны» пайдаланды, өйткені ол екеуі Бабылға тұтқынға кеткен еврейлерді туған жеріне қайтаруға іс-әрекет жасады. Олар екеуі де еврей мемлекетінің қалпына келуіне барынша ықпал етті. Құдай Езраны Көне Келісімге кірген қасиетті кітаптарды жинап, жазып алуға рухтандырды.

«Естер» өте сұлу еврей қызының көмегімен тұтқындағы кезінде өліммен бетпе-бет келген Исраил халқын Құдайдың құтқарғаны туралы бізге баяндайды.

Тарихи кітаптар барлық Көне Келісімнің үштен бір бөлігін құрайды. Ешуа Нұнұлы кітабының алдына бір белгіні, ал екінші белгіні Естер кітабынан кейін қойыңыз. Әрбір кітапты тез табуға тырысыңыз. Өз достарыңыздың біреуінен сізге кездейсоқ кітап атауын айтуды және сіз сол кітапты қанша уақытта тауып алатыныңызды белгілеуге өтініш жасасаңыз болады.

Тапсырма

- 6** Сол жақтағы сипаттаманы оқып, оған сәйкес келетін кітап атауының реттік санын оның алдына жазыңыз.
- | | |
|--|------------------------------------|
| ... а) Осы адамның арқасында еврей халқы құрып кетуден аман қалды. | 1) Ешуа |
| ... ә) Дәуіт патшаның ата-бабасы. | 2) Билер |
| ... б) 400 жыл жеңіліс және жеңіс. | 3) Рут |
| ... в) Киелі Кітапты қайта жазған діни қызметкер. | 4) Патшалықтар туралы 1-2 жазбалар |
| ... г) Бабыл тұтқынынан еврейлерді алып шыққан қайраткер. | 5) Патшалықтар туралы 3-4 жазбалар |
| ... ғ) Қанаханды жеңіп шыққан көсем. | Шежірелер туралы 1-2 жазбалар |
| ... д) Израил патшалығының құрылуы. | 6) Езра |
| ... е) Яһудея және Израил патшалықтарының тарихы. | 7) Нехемия |
| | 8) Естер |
- 7** Көне Келісім кітаптарының екінші жіктелуі «тарихи кітаптар» деп аталады, өйткені ол жерде ... тарихы туралы айтылады.
- а) Моаб және Бабылдың
 ә) Қанахан мен Мысырдың
 б) Яһудея мен Израилдің
- 8** Тарихи кітаптар тобының соңғы үш кітабы Құдай Бабыл тұтқыны кезінде өз халқын қалай сақтағаны және одан қайтқаны туралы айтады. Бұл кітаптар қалай аталады?
- а) Езра, Нехемия, Естер.
 ә) Патшалықтар 1-3.
 б) Ешуа, Билер, Рут.
- 9** Езраның Көне Келісімге қосқан зор үлесі – ол...
- а) Көне Келісім кітаптарын жинап сақтады.
 ә) Заңның бес кітабын жазды.
 б) Нехемияның жұмыс істеуіне кедергі жасады.

10 3 Патшалықтар кітабы мен 1 және 2 Шежірелер кітаптарының алғашқы бес тарауын салыстырыңыз. Қандай кітапта көп шежірелер берілген (адамдар мен олардың ата-бабалары туралы жазбалар)?

- а) үшінші Патшалықтар.
- ә) бірінші Шежірелер.
- б) екінші Шежірелер.

Поэтикалық кітаптар

4 Мақсат. Киелі Кітаптағы поэтикалық кітапқа сипаттама беру.

Киелі Кітапта көптеген поэтикалық үзінділер бар. Бірақ «поэтикалық кітаптар» тобына тек бес кітап енгізілген.

Әйүп – әділ адамның азап шегуі туралы драмалық поэма, соңында ол өз сенімі үшін сый алды. Бұл кітап – Киелі Кітаптың ең көне кітабы болып саналады.

Забур жырлары – мадақтау мен сиыну кітабы. Забур жырлары түпнұсқада поэтикалық түрде жазылған; олар бір кітапқа жиналған және Исраил халқы оларды Құдайға табынып тағзым етуде пайдаланды. Забур жырларының бір бөлігін Дәуіт және Исраилдің басқа көсемдері жазған, ал бір бөлігін белгісіз авторлар жазған.

Сүлеймен – Дәуіттің ұлы және Исраилдің үшінші патшасы, жер бетінде өмір сүрген ең дана адам болды. Ол жастарды дұрыс және табысты өмір сүруге үйрету үшін *Нақыл сөздерді* жазды және жинады. Бұл кітап «даналық кітаптарына» жатады.

Даналықты уағыздаушы – бұл кітапта Сүлеймен құдайсыз өмірдің қаншалықты жалған екеніне куәлік етеді. Тәннің рахаты, байлық, білім және билік адамның жан-дүниесін толық қанағаттандыра алмайды. Адам Құдайға қызмет ету үшін жаратылған.

Сүлейменнің таңдаулы әні кітабы операға ұқсас драмалық әндер жинағы. Бұл – күйеу мен қалыңдықтың арасындағы сүйіспеншілік туралы жырлайды, бірақ бұл сүйіспеншілік Құдай мен оның халқы арасындағы сүйіспеншілікті символикалық түрде бейнелейді.

Еврей поэзиясы әдеттегі поэзиядан өзінің стилі мен құрылымы бойынша ерекшеленеді. Алайда бұл оның барлық сұлулығын түсінуге кедергі келтірмейді. Поэтикалық кітаптар бізге Құдайдың адамдарға деген сүйіспеншілігін және адамдардың жауапты сүйіспеншілігін көруге көмектеседі.

Тапсырма

11 Әр сипаттаманың алдына оған сәйкес келетін кітап атауының нөмірін жазыңыз.

- | | |
|--|-----------------------------|
| ... а) Күйеу жігіт қалыңдықты сүйгендей, Құдай өз халқын жақсы көреді. | 1) Әйуп |
| ... ә) Еврейлердің гимн кітабы. | 2) Забур жырлары |
| ... б) Жас адамдарға қалай өмір сүру керегін үйретеді. | 3) Нақыл сөздер |
| ... в) Неге әділдер азап шегеді? | 4) Даналықты уағыздаушы |
| ... г) Құдайсыз өмір – бос өмір. | 5) Сүлейменнің таңдаулы әні |



Үлкен Пайғамбарлар

5 Мақсат. Үлкен Пайғамбарлар кітабының жалпы әр тақырыбын мәлімдеңіз.

Құдай Өз халқымен тікелей сөйлесуді қаласа, Ол пайғамбар деп аталатын адамдарды жиі таңдады. Пайғамбарлар Құдай халқына ауызша немесе жазбаша түрде Оның еркін білдіріп отырды.

«Үлкен Пайғамбарлар» тобына кіретін кітаптар «Кіші Пайғамбарлар» тобына кіретін кітаптардан көлемі әлдеқайда үлкен болғандықтан солай аталады. Сонымен қатар бұл пайғамбарлар ұзақ қызмет етті және халыққа үлкен әсерлерін тигізді.

Ишая — Израил билеушілерінің бірі және Ұлы пайғамбар болды. Ол Бабыл патшалығының қалыптасу кезеңінде өмір сүрді. Ишая еврей халқының тұтқынға түсетінін болжап, сонымен қатар Израилге үміт әкелді. Иса Мәсіх дүниеге келгенге дейін жеті жүз жыл бұрын Ишая Оның пәк қыздан туатынын, Оның біздің күнәларымыз үшін өлетінін және Оның қайта тірілетінін болжады.

Еремия еврейлердің Бабылда тұтқын болатыны туралы жазды, ол халықтың 70 жылдан кейін туған отанына тұтқыннан оралатынын болжады. Патшаның жарлығы бойынша Кир еврейлерге Палестинаға оралуға рұқсат берді және Еремияның болжамы орындалды (Ерем. 25:11).

Еремия көптеген пайғамбарлықтардың орындалғанын, Иерусалимнің талқандалуын да көрді. Ол «*Еремия жоқтауы*» деп аталатын 5 қайғылы поэма жазды.

Езекиел – қуғында болған басты пайғамбарлардың бірі болған. Ол Бабылда жетпіс жыл тұтқын болған уақытта халыққа пайғамбарлық сөз айтты.

Даниял – Исраилдің патшалық руынан шыққан, ол тұтқынға алынды және Бабыл империясының басқарушысы болды. Империяның көтерілуі мен құлдырауы туралы оның нақты пайғамбарлық болжамдары таңқаларлықтай дәлме-дәл. Олардың көпшілігі қазірдің өзінде де орындалып келеді.

Тапсырма

- 12** Үлкен Пайғамбарлардың арасында Иса Мәсіх туғанға дейін 700 жыл бұрын өмір сүріп, Иса Мәсіхтің тууы мен өмірі туралы пайғамбарлық болжамдар айтқан, әрі бұл пайғамбарлықтары орындалған пайғамбар кім?
- а) Ишя
 - ә) Еремия
 - б) Езекиел
 - в) Даниял
- 13** Иерусалимнің талқандалуы туралы баяндайтын осы кітаптың поэтикалық формасына қарамастан, ол Киелі Кітаптың поэтикалық кітаптар тобына кірмеді. Бұл қандай кітап?
- а) Нақыл сөздер
 - ә) Даналықты уағыздаушы
 - б) Еремия
 - в) Еремияның жоқтауы
- 14** Бұл пайғамбарлар Бабыл тұтқынында болды және еврейлерге қуғындалатындары жайында пайғамбарлық сөз айтты:
- а) Ишя және Еремия
 - ә) Еремия және Еремияның жоқтауы
 - б) Ошия, Жоел, Амос

15 Тұтқынға алынып, Бабыл империясы патшасының уәзірі болған ханзаданың аты кім еді?

- а) Ишая
- ә) Еремия
- б) Даниял

16 Пайғамбарлық сөздерді (сол жақтағы) оларды жариялаған пайғамбарлардың есімдерімен салыстырыңыз:

- | | |
|---|-----------|
| ... а) Иса Мәсіхтің пәк қыздан туылуы | 1) Еремия |
| ... ә) Империяның көтерілуі мен құлдырауы | 2) Ишая |
| ... б) 70 жыл Бабыл тұтқынында. | 3) Даниял |



Кіші Пайғамбарлар кітабы

6 Мақсат. Әр Кіші Пайғамбарлар кітабының бір ерекшелігін атаңыз.

Кіші Пайғамбарлар тобының он екі кітабы Ишая пайғамбардың кітабының көлемінен аз. Бірақ бұл пайғамбарлар да Құдайды сүйді және Құдайға қатысты немқұрайды болып, мойынсұнбаған халыққа Құдай сөзін батыл жариялады. Алғашқы тоғыз пайғамбар Бабыл тұтқынына дейін, қалған үшеуі – еврейлер отанына оралғаннан кейін өмір сүрді. Әрбір кітап өз авторының атымен аталады.

Ошия күйеуінің опасыз әйелге деген махаббатына ұқсас халыққа деген Құдайдың махаббаты туралы айтты. Ошия мұны өзінің опасыз әйелін кешіруі арқылы көрсетті.

Жоел Киелі Рухтың құйылуы туралы пайғамбарлық сөз айтты. Бұл пайғамбарлық сөз елуінші күні орындалды, сондай-ақ қазіргі «соңғы күндерде» рухани ояну іске асатынын білдіреді.

Амос өзін Құдай шақырған кезде, бақташы болған. Иерусалимде әлеуметтік әділетсіздікке қарсы уағыз айтып, ол адамдардың күнәларына бола алда сот болатыны туралы ескерту жасады.

Абди Едом еліндегі болатын сот туралы пайғамбарлық сөз айтты. Абди пайғамбардың кітабы – Көне Келісімнің барлық кітаптарының ішіндегі ең қысқа кітап. Пайғамбардың өзі туралы мәлімет өте аз.

Құдай *Жүністі* Ниневиге елші ретінде жіберді. Жүніс кемемен басқа қалаға қашуға тырысты, алып балық жұтып алғанда ғана ол өкініп, содан бостандыққа шықты, бірақ кейін Құдайға мойынсұнды.

Миха Ишяя мен Ошияның тұсында өмір сүрген. Ол еврей халқының жойылуы туралы, сондай-ақ болашаққа деген үміт туралы пайғамбарлық сөз айтты. Сондай-ақ Құтқарушының өмірге келетіні жайында, ал 5-тараудың 2-аятында тіпті Иса дүниеге келетін қаланы көрсетеді.

Нақұм ұлы қала Ниневидің қирауы туралы пайғамбарлық сөз айтты, оның тұрғындары Жүністің уағызынан кейін өкініп тәубеге келгендерімен, кейінірек қайтадан әділетсіздік жолына түсіп кеткендіктен, Құдай бұл қаланы жойып жіберді.

Аббақұқ және *Софония* да, егер халық өкінбесе, Исраил халқы жеңіліске ұшырап, тұтқынға түседі деп ескертті. Алайда халық күнәға жабысып, өз істеріне өкінбеді, сөйтіп Бабылға тұтқынға түсті.

Еврейлер Бабылдан Палестинаға қайтып оралғаннан кейін, Құдай халықты ғибадатхананы қалпына келтіруге шақыру үшін *Хаққайды* және *Зәкәрияны* таңдап алды.

Малахи – Көне Келісімдегі соңғы пайғамбар, Иса Мәсіхтің туылуынан 400 жыл бұрын өмір сүрген. Оның Құдайға арналған ондық туралы тәлімі бар, оны Малахи кітабынан (3:8-12) оқи аласыз

Құдайдың Көне Келісім бойынша халықпен қарым-қатынасын сипаттау осылай аяқталады. Адамдар Мәсіхтің келуін және оның Жаңа Келісімін күтті.

Тапсырма

17 Сол жақтағы сипаттаманы оқып, оған сәйкес келетін пайғамбардың атының санын алдына жазыңыз.

- | | |
|--|------------------------|
| ... а) Едомда сот болатынын айтты | 1) Ошия |
| ... ә) Ниневияда уағыз айтты | 2) Жоел |
| ... б) Құдайдың сүйіспеншілігі туралы | 3) Амос |
| ... в) Әлеуметтік әділетсіздік | 4) Абди |
| ... г) Киелі Рух туралы | 5) Жүніс, Нақұм |
| ... ғ) Мәсіхтің туылатын жері туралы | 6) Миха |
| ... д) Ондық туралы үйретті | 7) Аббақұк,
Софония |
| ... е) Израилдің жеңілуі мен тұтқындалуы | 8) Хаққай, Зәкәрия |
| ... ө) Ғибадатхананы қалпына келтіру | 9) Малахи |



Сұрақтарды дұрыс жауаптармен салыстыра тексеріңіз.

1 а) 4

ә) 1

б) 3

в) 5

г) 2

10 ә) бірінші Шежірелер

2 бес, он екі

11 а) 5) Сүлейменнің таңдаулы әні

ә) 2) Забур жырлары

б) 3) Нақыл сөздер

в) 1) Әйүп

г) 4) Даналықты уағыздаушы

3 а) Жаратылыстың басталуы

ә) Мысырдан көшіп шығу

б) Леуіліктер

в) Руларды санау

г) Заңды қайталау

12 а) Ишая

4 а) 2) Мысырдан көшіп шығу

ә) 3) Леуіліктер

б) 1) Жаратылыстың басталуы

в) 4) Руларды санау

г) 5) Заңды қайталау

13 в) Еремияның жоқтауы

5 а) Құдай халқы үшін ережелер бар

ә) 10 Әсиет бар

б) Леуіліктерге арналған нұсқаулар бар

14 Езекиел және Даниял

- 6 а) 8) Эстер**
ә) 3) Рут
б) 2) Заңды қайталау
в) 6) Езра
г) 7) Нехемия
ғ) 1) Ешу
д) 4) 1 және 2 Патшалықтар
е) 5) 3 және 4 Патшалықтар; 1 және 2 Шежірелер

15 б) Даниял

7 б) Яһудилер және Израил

- 16 а) 2) Ишая**
ә) 3) Даниял
б) 1) Еремия

8 а) Езра, Нехемия, Эстер

- 17 а) 4) Абди**
ә) 5) Жүніс және Нақұм
б) 1) Ошия
в) 3) Амос
г) 2) Жоел
ғ) 6) Миха
д) 9) Малахи
е) 7) Аббақұқ және Софония
е) 8) Хаққай және Зәкәрия

9 а) Көне Келісім кітаптарын жинап сақтады.

1 ТАРАУ ЕСЕП БЕРУ

Сіз бірінші тарауды оқуды аяқтадыңыз. Енді сіз «оқушының есеп беруі» деп тұрған 1 Тараудың сұрақтарына жауап беруге дайынсыз. 1-4 сабақтарды қайта қарап, оқушы есебінде берілген нұсқауларды орындаңыз. Жауаптарыңызды «Оқушының есеп беруінің» бірінші бетінде көрсетілген мекен-жайға жіберіңіз.



Сабақтар

5 Жаңа Келісім кітаптары

6 Киелі Кітап Құдай Сөзі екенін қайдан біле аламыз

САБАҚ 5 Жаңа Келісім кітаптары

Жаңа Келісім жазылып жатқан кезде, әлем қатты өзгерді. Пайғамбарлардың уақыты өтті және адамдардың көпшілігі рухани мәселелерге немқұрайды қарады. Сондай-ақ таяу Шығыс пен Еуропа халықтары және еврейлер Римнің басқаруында болды. Бұл уақыт еврейлер үшін қиын болғанымен, олар еркіндікті армандады, олардың өмірінде сыртқы әсерлер әлі де бірқатар артықшылықтарға ие болатын. Қуатты Рим әскері сауда жолдарының қауіпсіз болуын қамтамасыз етті, ал саяхатшылар санының өсуі грек музыкасы, поэзиясы және өнерімен бірге мәдениетінің де бүкіл империя бойынша таралуына ықпал етті.

Құдай Өз Ұлын әлемге осы уақытта жібергені кездейсоқ емес. Грек тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі болды, бұл Ізгі хабардың таралуына ықпал етті. Ал Рим Ізгі хабар үшін белгілі бір шамада еркіндікті қамтамасыз етті.

Жаңа Келісім Мәсіхтің өмірі мен мәсіхшіліктің пайда болуы жайлы баяндайды. Жаңа Келісімге кіретін кітаптар барлық сенушілер үшін нұсқаулар мен уәделерден, Мәсіхпен бірге мәңгілік өмірге деген үміт пен болашақ жөніндегі пайғамбарлықтан тұрады.

Жаңа Келісімнің кітаптарын зерделей отырып, сіз оларды оқып, ондағы ақиқатты зерттеуді қалайсыз деп үміттенемін.

Сабақтың қысқаша мазмұны

А. Жаңа Келісім кітаптарын топтастыру.

Ә. Әр топқа түсініктеме.

Сабақтың мақсаттары

1. Жаңа Келісім кітаптарының негізгі жіктеулерін атаңыз.
2. Иса Мәсіхтің өмірін елшілердің әр екпінде сипаттауы.
3. Елшілердің істері кітабының негізгі хабарын анықтау.
4. Жолдаудың ерекше маңызы бар екенін анықтау.
5. Әрбір жалпы жолдаулардың негізгі тақырыбын орнату.
6. Аян кітабының кейбір мазмұны мен құндылықтарын сипаттаңыз.

А. Жаңа Келісім Кітаптарын Топтастыру

1 Мақсат. Жаңа Келісім кітаптарының негізгі жіктеулерін атаңыз.

4 Сабақтан біз Көне Келісімнің барлық кітаптары бес топқа бөлінетінін білдік. Жаңа Келісімнің де кітаптары бес топқа бөлінген.

Жаңа Келісімде 27 кітап, олар төмендегідей 5 топқа тармақталады:

ІЗГІ ХАБАР	ТАРИХИ КІТАП	ЖАЛПЫ ЖОЛДАУЛАР	ПАУЫЛДЫҢ ЖОЛДАУЫ	ПАЙҒАМБАРЛЫҚ КІТАП
Матай Марқа Лұқа Жохан	Елшілердің Істері	Жақып 1, 2 Петір 1, 2 және 3 Жохан Яһуда	Римдіктерге 1, 2 Қорынттық Ғалаттықтарға Ефестіктерге Філіпіліктерге Қолостықтарға 1, 2 Салониқ 1, 2 Тімотеге Титке Філімонға Еврейлерге	Аян

Тапсырма

1 Төмендегі жіктеулердің қайсысы Көне және Жаңа Келісімде кездеседі?

- а) Тарихи кітап
- ә) Пауылдың жолдауы
- б) Пайғамбарлық кітап
- в) Ізгі хабар
- г) Жалпы жолдаулар



Ә. ӘР Топқа Түсініктеме

Інжілдер

2 Мақсат. Иса Мәсіхтің өмірін елшілердің әр екпінде сипаттауы.

Матай, Марқа, Лұқа және Жохан Иса Мәсіхтің өмірін олардың аттарымен аталған Ізгі хабар кітабында сипаттады. Бұл жазушылар кейде *«төрт елші»* деп аталады. Олардың әрқайсысында әр түрлі бағыт пен екпін болды.

Матай Иса Мәсіхті Патша және Мәсіх ретінде бейнелейді. Ол Мәсіх туралы Көне Келісімнің пайғамбарлық болжауларын (яһудилер өздері күткен патшаны және азат етушіні солай атады) айтып, осы пайғамбарлықтар Иса арқылы қалай орындалғанын көрсетеді.

Марқа римдіктерге арнап жазған, олардың көпшілігі Киелі Кітаптағы жазбаларды білмеген. Ол өзінің Ізгі хабарын динамикалық әрекетке толтырды, өйткені ол оқырмандарына Исаның Құдайдың қызметшісі ретінде келгендігін көрсетті.

Дәрігер *Лұқа* өзінің Ізгі хабарын грек досына арнап жазған. Ол Мәсіхтің адам ретінде жетілуін көрсетеді және оны Адам Ұлы ретінде ұсынды.

Жохан Иса Құдайдың Ұлы екенін және Оған сенуші әркім мәңгілік өмірге ие болатынын дәлелдейді.

Алғашқы үш Ізгі хабар «синоптикалық» деп аталады, өйткені олар Исаның өмірі туралы толық мәлімет береді. Олар өзара байланысты оқиғаларды таңдауда ұқсас. Алайда Жохан Исаның тарихы мен тағылымдары туралы көп айтпайды.

Тапсырма

- 2** Уәде етілген Патша «Иса» екенін көрсететін көптеген пайғамбарлық сөзі бар Ізгі хабар...
- Матай
 - Марқа
 - Лұқа
- 3** Лұқа 1:1–4 аяттары бойынша Лұқа өзінің жазбасын жазғанда неге сүйенді?
- қауесет немесе лақап
 - Исаның шәкірті ретіндегі жеке тәжірибе
 - мұқият зерттеу және куәгерлермен әңгімелесу
- 4** Марқа өзінің Ізгі хабарын ... толтырды.
- Көне Келісімдегі пайғамбарлық сөздермен
 - Исаның уағыздарымен
 - Исаның жасаған ұлы істерімен
- 5** Жохан 20:30–31-де Жохан өзінің оқырмандарына Исаға не үшін сену керектігімізді айтады:
- кемелді адам және Оның үлгісімен жүру керек
 - Құдайдың Ұлы және Ол ғана мәңгілік өмір береді
 - өмір сүрген ең жақсы адам
- 6** Інжілді жазушы Лұқа мынаны ерекше атап көрсетеді: Иса ...
- Адамның Ұлы
 - еврейлер күткен Мәсіх
 - Құдайдың Ұлы

Тарихи кітаптар

3 Мақсат. Елшілердің істері кітабының негізгі хабарын анықтау.

Лұқа *Елшілердің* істерінде Мәсіх көкке қайтқаннан кейін Өзінің жерде бастаған жұмысын жалғастыру үшін Мәсіхтің Киелі Рухты қалай жібергені туралы жазды.

«Елші» сөзі жіберілді немесе жіберілген деген мағынаны білдіреді. Елшілердің істері кітабында Құдайдың хабаршылары Ізгі хабарды әлемге қалай жеткізгені туралы айтылады.

Елшілердің істері кітабындағы басты тұлғалардың бірі – Пауыл. Ол басқа ұлттарға елші болған. Еврейлер басқа ұлттарға жоламайтын. Лұқа Пауылмен бірге бірнеше сапарларға барып, өздерінің елшілік оқиғалары туралы баяндайды. Көптеген елдерде мәсіхшілік қауым құру үшін Киелі Рух елші Пауылды қалай қолданғаны туралы айтады.

Елшілердің істері 1:8 – бұл тетік аятты әрбір мәсіхші жатқа білгені дұрыс: «Бірақ Киелі Рух өздеріңе қонғанда Оның құдіретін қабылдайсыңдар. Содан сендер Иерусалимде, бүкіл Яһудея мен Самария аймақтарында және жердің шетіне дейін Маған куә боласыңдар».

Тапсырма

7 «Елшілердің істері» кітабының атауы онда ... әрекеттері туралы айтатынын білдіреді.

- а) ізбасарларының
- ә) жіберілгендердің
- б) өкілдердің

8 Келесі мәлімдемені толықтырыңыз:

Дәрігердің аты
 Пауылдың
 елшілік қызмет сапарында еріп жүрді.

9 Елшілердің істері кітабының негізгі тақырыбы:

- а) Пауыл басқа ұлт өкілдеріне мәсіхшілікті қабылдатты.
- ә) Лұқа елшілік дәрігер болатын.
- б) Киелі Рух куәлік айту үшін күш береді.



Елші Пауылдың жолдаулары

4 Мақсат. Жолдаудың ерекше маңызы бар екенін анықтау.

Пауылдың жолдауына 13 немесе 14 хат жатады, олардың кейбірін Пауыл өзі құрған қауымдарға жазған. Еврейлерге арналған жолдауға оның қолы қойылмаған, сондықтан Пауылдың авторлығы сұрақ күйінде қала береді. Алайда көптеген зерттеушілердің пікірінше, Еврейлерге жолдаудың авторы елші Пауыл деп саналады, сондықтан біз оны Пауыл жолдауларының тізіміне енгіздік:

Римдіктерге	Қолостықтарға
1, 2 Қорынттықтарға	1, 2 Салониқалықтарға
Галаттықтарға	1, 2 Тимотеге
Ефестіктерге	Титке
Філіпіліктерге	Філімонға

Сол уақытта баспа станоктары болмағандықтан, бұл Жолдау қауымнан қауымға берілді. Әр жерде мүшелер өздерінде Жолдау болу үшін және оны оқып-зерттеу үшін көшірме жасаған.

«*Римдіктерге арналған хат*» жолдауы «мәсіхшілік ілімнің жинақ жолдаулары» деп аталады. Онда біздің құтқарылуымыздың негізі мен сенім бойынша ақталу тақырыбы анық, айқын және сенімді баяндалады.

1 және 2 *Қорынттықтарға арналған хаттарды* Пауыл Қорынт қаласында негізін салып құрған қауымға жазды. Бұл хаттарда ол діни ілімнің кейбір мәселелерін, сондай-ақ қауымдағы тәртіпке қатысты тақырыпты да жанап өтті.

Галаттықтарға арналған хатында да Римдіктерге арналған хатындағы «Сенім арқылы ақталу» тақырыбы ашылған. Онда ешкім игі істермен құтқарыла алмайтыны, тек Иса Мәсіхке сену арқылы құтқарылатыны баса айтылған.

Пауыл Ізгі хабарды уағыздағаны үшін түрмеде болған кезде, ол *Ефестіктерге, Філіпіліктіктерге және Қолостықтарға арналған хаттарын* жазды. Бұл хаттар «түрмеде жазылған хаттар» деп те аталады және хаттарда мәсіхшінің өмірі туралы айтылады.

1 және 2 Салониқалықтарға арналған хатта Мәсіхтің екінші келуінің алдында не болатыны жайында айтылады. Оның қайта оралатыны жайында сіз 1 Салониқалықтарға арналған хат 4:13-18-ден оқи аласыз.

Пауыл өзінің төрт хатын жеке адамдарға арнап жазды. Бағушыларға ерекше пайдасы тиетін *Тимотеге* арналған екі хат және Титке арнап бір хат жазған. Мәсіхтің есімі үшін азапталып өлерден аз уақыт бұрын Пауыл Тимотеге хат жазып, оны Құдайға адал қызметші болуға шақырды. Оқыңыз: 2 Тимотеге 4:5-8.

Філімонның қашып кеткен құлы Онисым Пауыл түрмеде болған кезде, Мәсіхке сенді. Пауыл *Філімонға жазған хатында* Онисымды кешіруді және оны Мәсіхтегі бауыры ретінде қабылдауды сұрайды.

Еврейлерге арналған хатында негізгі сөз «жақсы» деген сөз болып табылады. Бұл хат еврей мәсіхшілеріне Жаңа Келісімнің Көнеден жақсырақ екенін үйретеді. Ол символдық салт-дәстүрлер мен құрбандық шалулар Мұсаның Заңы бойынша Иса Мәсіхтің біздің алғашқы діни қызметкеріміз екенін және біздің күнәларымыз үшін құрбан болғанының белгісі екенін көрсетеді.

Тапсырма

10 «Жолдау» деген сөз:

- а) «доктрина»
- ә) «хат»
- б) «көшірме»

11 Әр Жолдаудың басты тақырыбы сол жақ бағанда көрсетілген.

Тиісті кітап атауының алдында тұрған нөмірді тақырыбының алдына қойыңыз:

- | | |
|-------------------------------|---------------------------|
| ... а) Мәсіхшінің өмірі | 1) Римдіктер; Ғалаттық |
| ... ә) Сенімі арқылы ақталу | 2) Ефест; Філіп; Қолостық |
| ... б) Мәсіхтің көктен оралуы | 3) 1, 2 Салониқалық |
| ... в) Құлды кешіру | 4) 1, 2 Тимоте; Титке |
| ... г) Бағушының қызметі | 5) Філімонға |

12 Елші Пауылдың жолдаулары маңызды, себебі олар:

- а) сенушілерге кеңес береді.
- ә) қалай құтқарылу керектігін айтады
- б) пайғамбарлардың қалай өмір сүргенін айтады
- в) доктриналар туралы нақты ілім бар
- г) барлығы түрмелерде жазылған
- ғ) бағушылар мен қауымға қалай қызмет ету керектігін айтады

Жалпы жолдаулар

5 Мақсат. Әрбір жалпы жолдаулардың негізгі тақырыбын орнату.

Пауылдың жолдаулары кімге арналып жазылған болса, солардың аттарымен аталды, ал жалпы жолдаулар оларды жазған авторлардың есімдерімен аталды.

Өзінің есімімен аталған хабарды жазған Жақып Иерусалим қауымының бақташысы және Иса Мәсіхтің туған бауыры болуы мүмкін. Жоханның ағасы Жақыптың басын сол кезде шауып тастаған болатын.

Жақып Иса Мәсіхке деген тірі сенім мейірімді істермен расталатынын үйретеді. Біздің игі істеріміз бізді құтқармайды, бірақ егер адам шын мәнінде құтқарылған болса, ол Құдай үшін және Оның халқы үшін қолынан келгеннің бәрін істеуге тырысатын болады.

Петірдің жолдаулары қудаланған мәсіхшілер үшін жігер мен жұбаныш болып табылады, сонымен қатар Құдай қайта келіп, Өзіне адал болып қалатын әрбір сенушіні марапаттайтынын естеріне салады.

Жохан, Исаның сүйікті шәкірті, он екі шәкірттің арасында ұзағырақ өмір сүрді. Ол Ізгі хабар мен өзінің есімімен аталған үш жолдау жазды. Оның барлық жолдауларында негізгі тақырып – бізді бір-бірімізді сүйуге жетелейтін Құдайдың сүйіспеншілігі болып табылады. Ол, сондай-ақ, Мәсіх Патша және Иеміз Құдай ретінде көрсетілген Аян кітабын жазды.

Яһуда ең соңғы елші, Жақыптың ағасы және Исаның да бауыры болуы мүмкін. Өз Жолдауында Яһуда сенушілерге абай болуды және жалған тәлімдермен айналыспауды ескертеді. Әрі ол Мәсіхтің әлемді соттау үшін қайтып оралатыны туралы жазады.

13 Төменде көрсетілген жолдаулардың әрқайсысының негізгі тақырыбын атаңыз:

- Жақып
-
- 1 және 2 Петір
-
- 1, 2 және 3 Жохан
-
- Яһуда
-



Пайғамбарлық кітап

6 Мақсат. Аян кітабының кейбір мазмұны мен құндылықтарын сипаттаңыз.

Аян кітабы «Апокалипсис» деп аталады, себебі ол болашақта не болатынын ашып көрсетеді. Ондағы бейнелі көріністер Даниял кітабындағы көріністерге ұқсас. Бұл кітаптың авторы – Жохан. Ол қартайған шағында Патмос аралына жер аударылып, сол жерде Иеміз оған әлемді осы заманның ақырғы күндері не күтіп тұрғанын, аспан және келе жатқан Құдай Патшалығы туралы аян берді.

Жохан Исаны жердегі қызметін атқарған кезінде жақсы білгенімен, ол енді Исаны қайтадан ең күшті Жеңімпаз ретінде таныды. Жохан Исаны барлық биліктің Иесі ретінде қабылдады (Аян 1:18).

Жохан үшін Иса Мәсіхтің аяны иен жатқан Патмос аралын көкке ашылған қақпаға айналдырды. Ол, сонымен бірге, қараңғы түнекке жарық нұр, өмірімізге қуаныш пен осы сенімсіз әлемге үміт әкеледі.

Тапсырма

- 14** Ең дұрыс аяқталған сөйлемнің алдында тұрған әріпті қоршап белгілеңіз: «Патмос аралындағы аяндағы көрініс ...»
- а) Жоханға болашақты ашып берді».
 - ә) Жоханға үміттің сәулесін көрсетпеді».
 - б) Жоханға соңғы күндер туралы аян-түсінік берді».
- 15** Әлемдік қақтығыстардың, Мәсікке қарсы шығушының билігі мен Мәсіхтің ақтық жеңісінің символдық суреттері жайында жазылған өте ұқсас екі кітап қандай?
- а) Ишая және 1 Петр
 - ә) Даниял және Аян
 - б) Езекиел және Аян
- 16** Аян кітабының 1, 21, 22 тарауларын ашып оқыңыз. Сіз бұл тарауларды оқығанда не сезінесіз? Иса Мәсіх өте жақын арада келеді деген түсінік сізді толқыта ма? Аян 22:20-да Жохан мінәжат еткендей, сіз де мінәжат етесіз бе? Құдай сіздің өміріңізде, сондықтан Оған қызмет еткеніңізде, бұл туралы есіңізде сақтау үшін көмектесуін сұрап мінәжат етіңіз.
-



Сұрақтарды дұрыс жауаптармен салыстыра тексеріңіз.

- 1 а)** Тарихи кітап
- 9 б)** Киелі Рух куәлік ету үшін күш береді.
- 2 а)** Матай
- 10 ә)** «хат»
- 3 б)** мұқият зерттеу және куәгерлермен әңгімелесу.
- 11 а)** 2) Ефестіктерге, Філіпіліктерге, Қолостықтарға
ә) 1) Римдіктерге және Ғалаттықтарға
б) 3) 1, 2 Салоникалықтарға
в) 5) Філімонға
г) 4) 1, 2 Тімотеге; Титке
- 4 б)** Исаның жасаған ұлы істерімен.
- 12 а)** сенушілерге кеңес береді.
ә) қалай құтқарылу керектігін айтады.
в) доктриналар туралы нақты ілім бар.
ғ) бағушы мен қауымға қалай қызмет ету керегін айтады.
- 5 ә)** Құдайдың Ұлы және Ол ғана мәңгілік өмір береді.
- 13** Әр кітап туралы пікірталасқа сілтеме жасай отырып, жауаптарыңызды тексеріңіз.
- 6 а)** Адамның Ұлы.
- 14 а)** Жоханға болашақты ашып берді»
б) Жоханға соңғы күндер туралы аян-түсінік берді»
- 7 ә)** жіберілгендердің
- 15 ә)** Даниял және Аян
- 8** Лұқа, басқа ұлттарға.
- 16** Сіздің өз жауаптарыңыз.

Киелі Кітап Құдай 6 Сөзі екенін қайдан біле аламыз

Сіз Киелі Кітаптың шын екенін қайдан білесіз? Бұл сұрақ сіз үшін жаңалық емес. Адамзаттың алғашқы азғырылуы Құдай Сөзіне шабуылдан басталды. Жылан бейнесінде келген шайтан Хауаға былай деді: «Құдай ... шынымен айтты ма?» (Жар. 3:1). Иә, бүгінгі күні де шайтан сондай күмән тудырады.

Құдайдың Сөзі – шайтанға қарсы біздің қаруымыз. Мәсіхті шөл далада азғырған кезде, Ол шайтанның шабуылына тек қана Құдай Сөзімен жауап берді. Сондай-ақ біз күмән мен қорқыныштан арылғысы келетін әрбір жанға көмектесу үшін Құдай Сөзін қолданамыз. Шын жүректен сұрақ қойып, Құдайды іздейтіндерге бағыт беру үшін Оның Сөзін қолданамыз. Петір былай деп кеңес береді: «Қайта, жүректеріңнен Мәсіхке қасиетті Иеміз деп ерекше орын беріндер! Сендер ұстанған үмітті түсіндіруді сұраған кез келген адамға жауап беруге әрдайым даяр болыңдар. Тек ілтипат, құрмет танытып сөйлеңдер. Ар-ұждандарыңды таза ұстандар, сонда Мәсіх жолындағы сендердің ізгі жүріс-тұрыстарың туралы жаман айтып айыптағандар өздерінің айтқандарынан ұялатын болсын» (1 Пет. 3:15-16).

Соңғы екі сабақта біз Киелі Кітаптың мазмұны туралы білдік. Енді Киелі Кітапты неліктен Құдайдың Сөзі деп санайтынымызды қарастырайық.

Сабақтың қысқаша мазмұны

- А. Киелі Кітаптың әсері
- Ә. Киелі Кітаптың әр түрлілігі мен тұтастығы
- Б. Киелі Кітаптың қатесіздігі
- В. Киелі Кітапқа қатысты ашылу
- Г. Киелі Кітап кемелді
- Ғ. Киелі Кітаптың шын авторы
- Д. Киелі Кітаптағы пайғамбарлықтың орындалуы
- Е. Киелі Кітаптың Құдайдың рухтандыруымен жазылғандығы
- Ё. Киелі Кітаптың сақталуы.

Сабақтың мақсаттары

1. Жазбадағы уәделердің орындалуы – Киелі Кітаптың Құдайдан екендігінің дәлелі.
2. Киелі Кітапқа әр түрлілік пен тұтастық ұғымдарын қалай қолдануға болатынын сипаттаңыз.
3. Киелі Кітаптың қатесіздігіне екі дәлелдеме келтіріңіз.
4. Түрлі ғылымдарды зерттеушілердің Киелі Кітаптың дәлдігін қалай түсінетінін түсіндіріңіз.
5. Киелі Кітаптағы моральдық кемелдіктің мысалдарын көрсетіңіз.
6. Құдай Киелі Кітаптың түпнұсқа авторы екеніне ішкі дәлел келтіретін мысалдарды атаңыз.
7. Пайғамбарлықтың қандай жолмен және қандай шартпен берілгенін анықтаңыз.
8. Киелі Кітап Құдай Рухының жетелеуімен жазылғанына сенудің себептерін мәлімдеңіз.
9. Киелі Кітаптың шынайылығын растайтын уақыт факторларын анықтаңыз.

«Дәлелдеме» деген сөз «растап беру» немесе «анық көрсету» дегенді білдіреді. Біз Киелі Кітаптың шын мәнінде Құдайдың Сөзі екенін айғақтайтын тоғыз дәлелді зерттейміз.

А. Киелі Кітаптың Әсері

1 Мақсат. Жазбадағы уәделердің орындалуы – Киелі Кітаптың Құдайдан екендігінің дәлелі.

Киелі Кітаптың адам өміріне табиғаттан тыс әсері оның шығу тегінің табиғаттан тыс екеніне дәлел бола алады. Уәделердің орындалуы оның шынайылығы мен түпнұсқалығын, нақтылығын растайды.

Ғажайып сауығулар, миллиондаған адамдардың көптеген күнәкар әдеттерінен азаттық алуы; мысалы, есірткілер мен ішімдіктен босатылулары; Киелі Кітапқа негізделген олардың мінәжаттарына берілген жауаптар, бұл – Құдай Өз уәделерін орындайды деп сендіретін дәлелдердің бір бөлігі болып табылады.

Құдай бізге Киелі Кітап арқылы айтқан кезде, ол біздің өмірімізді өзгертеді, сондай-ақ жеке адамдардың, отбасылардың, тіпті бүкіл халықтардың адамгершілік қалыптарын жақсартады.

Тапсырма

- 1** Жүргізілген сауалнама бойынша мәсіхші емес отбасыларға қарағанда, мәсіхшілерде отбасылық бірлік пен экономикалық тұрақтылық бар. Осы негізде келесі сөйлемді толықтырыңыз: «Өмірді жақсы жаққа өзгертетін киелікітаптық әсердің дәлелдейтіні: Киелі Кітап – ...»
- а)** Құдайдың кітабы, Ол сол арқылы адам өмірін өзгерте алады».
 - ә)** адамдарды алдайтын нәзік талғамдағы алаяқтық».
 - б)** жоғары сапалы психологиялық кітап».



Ә. Киелі Кітаптың Әр Түрлілігі Мен Тұтастығы

2 Мақсат. Киелі Кітапқа әр түрлілік пен тұтастық ұғымдарын қалай қолдануға болатынын сипаттаңыз.

Киелі Кітапты жазған қырық адамды елестетіп көріңізші: заң және медицина қызметкерлері, балықшылар, патшалар, фермерлер, ақындар, сарбаздар, кәсіпкерлер және шопандар. Олар мың алты жүз жыл ішінде жазды: Мұсаның заңы Мәсіхтің туылғанынан мың бес жүз жыл бұрын жазылған, ал Жохан Аянды Мәсіхтің туылғанынан жүз жылдан кейін жазды. Киелі Кітап авторларының шығу тектері әр алуандығы, уақыты мен орналасқан жерінің кеңдігі олардың кітаптарындағы бірлік пен үйлесімділікке кедергі келтірмейді. Бірақ әр түрлі жазушылардың тақырыптары мен тәлімінің үйлесімділігі олардың рухтануды бір қайнардан – Құдайдан алғанын дәлелдейді.

Тапсырма

- 2** Әр түрлілік пен тұтастықты Киелі Кітапқа қалай қолдануға болады? Әр дұрыс аяқталған келесі сөйлемді дөңгелектеңіз. Жазбаға әр түрлілік пен тұтастықты қолдануға болады, өйткені
- а) Ол бір Тұлғаның – Құдайдың рухтандыруымен жазылған.
 - ә) Кез келген кітапта тақырыптардың әр түрлілігі мен мазмұнының тұтастығы болуы маңызды.
 - б) Әр түрлі авторлар бір тақырыпқа жазды.
 - в) Шығу тегі әр түрлі адамдар көбінесе бірдей ойлайды.

Б. Киелі Кітаптың Қатесіздігі

3 Мақсат. Киелі Кітаптың қатесіздігіне екі дәлелдеме келтіріңіз.

Киелі Кітап қатесіз, ол оқиғаларды тарихи нақты суреттеп, адамдарды, орындарды, шежірені, әдет-ғұрыптарды және саяси дамуды шынайы сипаттайды.

Білімді көбейту арқылы қате идеялар мен болжамдар қабылданбайды. Мектептер мен университеттерде оқу құралдары үнемі өзгереді, бірақ Киелі Кітап еш өзгермейді. Киелі Кітап авторлары сол кездегі қате сенімдер туралы білді, бірақ Құдай оларды Киелі Кітап беттеріне жалған ілімдер мен сенімдерді жазып жіберуден сақтады. Құдай Киелі Кітапты қатеден сақтады, сондықтан Киелі Кітап кеңестерінің бүгін де тәжірибелік маңызы аса зор.

Жер бетінде еш айырмашылықсыз бірдей ойлайтын екі адам жоқ болса да, әр түрлі адамдар бір тақырыпта сөйлегенде қашып құтыла алмайтын қарама-қайшылықтан Құдай Киелі Кітап авторларын сақтап қалды.

Қазіргі тарих авторлары өз ұлтының көсемдерінің кінәларын әдейі жасыра алады, бірақ Киелі Кітап олай алаламайды және әділ, онда қандай іс-әрекеттер болды, бәрі жасырып-жабусыз сол қалпында көрсетілген. Киелі Кітап адамдардың әділдігін ғана емес, олардың кемшіліктері мен күнә-айыптарын ашып көрсетеді, сонымен қатар осы адамдардың қателіктерін ескеруіміз және оларды қайталамауымыз үшін де бәрін ашық көрсетеді. Киелі Кітап ештеңені жасырмайды, оның қатесіз екенін біз оның әр бетінен көреміз.

Тапсырма

3 Еврей халқының тарихын жаза отырып, Киелі Кітап оның күнәларын және сол күнәлардың салдары ретінде еврей халқы мен оның батырларының тартқан жазаларын көрсеткен. Бұл ...

- а)** тарихқа тән, өйткені халықтар өздерінің қателіктері туралы шындықты естуді қалайды.
- ә)** Киелі Кітаптың қатесіз екендігінің дәлелі және оның Құдайдың көзқарасымен жазылғанын көрсетеді.
- б)** тек еврей ұлтының жазалануға лайық екенін көрсету үшін керек болды.

- 4 Киелі Кітаптың қатесіздігіне дәлел болған нәрсе, бұл оның авторлары...
- а) өз заманының кеңінен тараған наным-сенімдерін енгізді.
 - ә) қателік болдырмау үшін басқа авторлармен өзара кеңесті.
 - б) қате ілімдерді жазудан сақталды.

В. Киелі Кітапқа Қатысты Ғылыми Жаңалықтар

4 Мақсат. Түрлі ғылымдарды зерттеушілердің Киелі Кітаптың дәлдігін қалай түсінетінін түсіндіріңіз.

Ежелгі өркениеттерді зерттейтін археолог-ғалымдар Киелі Кітап әңгімелерінің нақты дәлдігін дәлелдейтін манускриптер мен ескерткіштерді тапты.

Мысалы, Таураттың сыншылары Иш. 20:1 жазбасында айтылған Саргонды жәй ғана аңыз кейіпкері деп санаған еді. Бірақ бұл патшаның сарайы 1843 жылы француз археологы қазба жұмысын жүргізген кезде табылған. Пайғамбар Иш. 20:1-де былай айтады: «Ассур патшасы Саргон өзінің бас қолбасшысын філістірлердің Азот қаласына қарсы аттандырды. Қолбасшы шабуыл жасап, қаланы басып алды».

Елеулі ғалымдар біздің уақыттағы Киелі Кітап бетінде жазылған тарихты енді күліп мазақ етпейді, өйткені археологиялық қазбалар кезінде Киелі Кітаптың көп тарихы расталды.

Филология – тіл және тілдердің пайда болуы мен дамуын зерттейтін ғылым. Бұл ғылымның сарапшылары пайғамбарлық сөздер айтылған, содан кейін орындалған көптеген олжалар мен жазба ескерткіштерді талдады.

Мысалы, 1940 жылы Өлі теңіз жағасындағы Құмран үңгірлерінен табылған кітапта Исраил халқының тұтқынға түсетіні жайында жазылған пайғамбарлық болжаулар болған. Бұл пайғамбарлықтар осы оқиғалар болғаннан бұрын жазылғаны дәлелденді.

Басқа ғылымдар да Киелі Кітаптың түпнұсқа екенін растайды. Геологтар өз зерттеулерінде Киелі Кітап деректерін жиі пайдаланады. Дәрігерлер де денсаулыққа қатысты яһудилердің ережелері, деректері арқасында көп нәрсені білді. Ғылыми жаңалық ашу, болашақта болатындар сенушілерді таң қалдырмайды, өйткені Киелі Кітап – нағыз Құдай Сөзі. Оның дәлелге мұқтаж емес екенін біз білеміз, бірақ күмәнданғандар үшін Киелі Кітаптың шыншылдығына жеткілікті дәлелдер бар.

Тапсырма

- 5** Келесі дұрыс аяқталған сөйлемді дөңгелектеңіз. Киелі Кітаптың түпнұсқасын археологтар мен филологтар ... көмегімен растады.
- а)** пікірталастың
 - ә)** алыпсатарлықтың
 - б)** ғылыми дәлелдемелердің
- 6** Көптеген жылдар бойы филологтар әлемдегі барлық тілдер төрт негізгі тілден шыққан деп ойлады. Кейін олардың саны екіге қысқарды. Олардың соңғы тұжырымы сізді таң қалдырмауы керек. Жаратылыс 11:1 аятқа сүйене отырып, олар қандай тұжырымға келді деп ойлайсыз?

.....

.....

.....



Г. Киелі Кітаптың Кемелдігі

5 Мақсат. Киелі Кітаптың артықшылығы мен моральдық жетілгендігіне мысалдар келтіріңіз.

Дана, қасиетті және сүйіспеншілікке толы Құдайдың Рухымен рухтандырылған кітап барлық басқа моральдық ілімдегі кітаптардан артық болуы керек. Киелі Кітапта бұл артықшылық бар.

Киелі Кітап әңгімелерінің қарапайым көрінісі балаларға да тартымды. Сонымен қатар көрнекті ғалымдар да Киелі Кітаптың бүкіл тереңдігі мен ақиқатын түсіне алмайды. Егер сіз Киелі Кітапты жүз рет оқып шықсаңыз, әрдайым бұрын байқамаған жаңа нәрсе таба аласыз. Құдай сізбен Өзінің кітабы арқылы сөйлесуді жалғастыруда.

Исраилдің Мұса арқылы берген заңдары сол уақыттың барлық басқа заңдарынан асып түсті. Осы жүз жылдықтан кейінгі замандарда көптеген елдер осы заңдардың ежелгі дәуірде берілгеніне қарамастан, өз қоғамдарын осы заңдарға негіздеді.

Университеттердегі үздік ғалымдар Киелі Кітапқа әдебиеттің қайнар көзі ретінде таңданады. Бүгінгі күні де адамдарды ондағы тарихи кітаптардың шынайылығы, поэтикалық формалардың байлығы, ілімі, тартымдылығы баурап алады. Киелі Кітапта жақсы әдебиет болуға қажеттінің барлығы бар.

Киелі Кітаптың кез келген басқа жаратылыстардан асқан кемелдігі сол – бізді оның тұжырымдамалары Құдайдан екендігіне сендіреді.

Тапсырма

7 Жазбаның жетілгендігін қай қасиеттер көрсетеді?

- а) Жоғары моральдық ілім.
 - ә) Сөз мәндерінің дәл анықтамалары.
 - б) Барлық интеллектуалдық деңгейге сәйкес келеді.
 - в) Әдемі былғары мұқаба.
 - г) Бүгін де қолданатын заңдар.
 - ғ) Әдеби шеберлік.
-

Ғ. Киелі Кітаптың Шын Авторы

6 Мақсат. Құдай Киелі Кітаптың түпнұсқа авторы екеніне ішкі дәлел келтіретін мысалдар келтіріңіз.

Егер нақты бір кітап автордың атын көрсетсе, біз оны сол жазған деп сенеміз. Киелі Кітап Құдайды шынайы авторы деп атайды және ол Құдайдың рухтандыруымен жазылғанын айтады. 2 Тімотеге 3:16-ны оқимыз: «Киелі жазбалардың бәрі Құдай Рухының жетелеуімен жазылған. Олар тәлім беру, әшкерелеу, түзету әрі әділдікке тәрбиелеу үшін тиімді».

Тапсырма

8 Құдайдың Киелі Кітаптың авторы екендігі қай Жазбаларда көрсетілген? Олардың әрқайсысын Киелі Кітаптан іздеңіз.

- а) Мыс. шығу 24:12
- ә) Заңды қайталау 5:31
- б) Малахи 4:4
- в) 2 Тімоте 3:16
- г) 2 Петір 1:21
- ғ) Аян 1:10



Д. Киелі Кітаптағы Пайғамбарлықтың Орындалуы

7 Мақсат. Пайғамбарлықтың қандай жолмен және қандай шартпен берілгенін анықтаңыз.

Киелі Кітаптың пайғамбарлары империялардың пайда болуы мен құлдырауы, Иерусалимнің күйреуі мен қалпына келтірілуі және басқа да болашақтағы оқиғалар туралы қолмен қойғандай баяндап береді. Пайғамбарлардың көріп, кейін көргендерін жазып алғандары пайғамбарлық немесе болашақта не болатыны жайында болжам болып табылады. Пайғамбарлықтардың орындалуы олардың Құдайдың рухтандыруымен жазылғанын көрсетеді.

Бірақ мұнда пайғамбарлықтардың орындалуы Құдайдың рухтандыруының дәлелі болып табылатын ақиқатты белгілеуден әлдеқайда үлкен бір нәрсе бар. Киелі Кітаптағы пайғамбарлар Құдайға бағышталған адамдар болды. Көптеген пайғамбарлар адамдарға Құдайдың еркін бұзғандығы үшін жазалау туралы ескертті. Егер адамдар өкінсе, Құдай осы жазаларды жоюға уәде берді. Бұл пайғамбарлық сөздер орындалды. Киелікітаптық пайғамбарлық сөздер Құдайдың рухтандыруымен жазылған Құдай Сөзі екенінің екі дәлелі бар: біріншіден, олар дәлме-дәл болып шықты, екіншіден, олар адамдарды Құдаймен тығыз байланысқа шақырды.

Тапсырма

- 9** Пайғамбарларымыздың кітаптарын оқып шығыңыз: Абди 1:1, Миха 1:1, Нақұм 1:1 және Аббақұк 1:1; 2:2. Авторлар өздерінің пайғамбарлықтарын ... арқылы келгенін айтады.
- а)** күшті әсер
 - ә)** Құдай оларға болашақты көрсететін аян
 - б)** әлемдегі жағдайларды және ықтимал оқиғаларды зерттеу
- 10** Матай жазған Ізгі хабарды оқыңыз: 1:22; 2:4-6, 16-18; 4:12-16; 8:16-17; Ишая 53; Елшілер істері. 2:14-21, 31; 3:18. Біз пайғамбарлықтарды Құдайдың рухтандыруымен жазылғанын деп есептеу үшін онда пайғамбарлықтар сәйкес келуге тиісті белгілі бір шарттар бар. Егер пайғамбарлық Құдайдан болса, төмендегі айтылғандардың қайсысы дұрыс болуы керек?
- а)** Пайғамбар болашақты болжағаны үшін ақша талап етуі керек.
 - ә)** Пайғамбарлық орындалуы керек.
 - б)** Пайғамбар Құдайға бағышталған әділ адам болуы керек.
 - в)** Пайғамбарлық Құдайдың мінез-сипатына сәйкес болуы керек.
 - г)** Пайғамбарлық адамдарды Құдайды іздеуге итермелеуі керек.



Е. Киелі Кітап Құдай Рухының Жетегінде Жазылған

8 Мақсат. Киелі Кітап Құдайдың рухтандыруымен жазылғанына сенудің себептерін мәлімдеңіз.

Киелі Кітап авторларының қандай болғанын ашатын үш мүмкіндік немесе балама бар:

1. Өз идеяларын жазған адамдар.
2. Өтірікті айтатын шайтан рухының жетелеуімен жазған адамдар.
3. Құдайдың рухтандыруымен шындықты жазған адамдар.

Біріншіден, Киелі Кітап өздігінен ойластырылған немесе адамдардың ойларынан туындаған болуы мүмкін емес, өйткені Құдайдың даналығы мен мансабы адам ойларына жатпайтын ойды көрсетеді. Сонымен қатар күнәкар адамдар өздерінің күнәларын өз еркімен мойындап немесе киелі болуға ұмтылуды насихаттай алмас еді, көрінбейтін Құдай ғана бүкіл адамзатқа Өз нормаларын жүктей алады.

Екіншіден, Киелі Кітап зұлымдықпен күреседі, шайтанды айыптайды және оның сәтсіздікке ұшырайтыны мен жазаланатыны туралы айтады. Шайтан Киелі Кітапты жазуға рухтандыру бере алмайды, өйткені ол Киелі Кітаптағыдай жақсылықты насихаттамайды және жамандықты айыптамайды.

Сондай-ақ адамзаттың болашақты болжай алмауы бізді өз-өзімізді жариялаған, табиғаттан тыс рухтандырылған пайғамбарлар болудан бас тартуға мәжбүр етеді. Киелі Кітаптағы пайғамбарлықтардың нақты орындалуы жақсы, жаман немесе алдамшы адамдардың өз идеяларын алға жылжыту мүмкіндігін жоққа шығарады.

Қисынды пайымдай келіп, Киелі Кітаптың авторлары Құдайдың Рухымен рухтандырылған адамдар ғана бола алады деген қорытындыға келдік.

Тапсырма

- 11** Келесі тұжырымдардың қайсысы дұрыс?
Неліктен біз Киелі Кітапты Құдайдың рухтандыруымен жазылған деп санаймыз?
- а) Күнәкар адам күнәні айыптамайды және киелілікті насихаттамайды.
 - ә) Киелі Кітап пайғамбарлығының нақты орындалуы оның табиғаттан тыс Рухтың жетеленуі арқылы көрінеді.
 - б) Шайтан өзін айыптауға адамдарды рухтандырмайды.

Ә. Киелі Кітаптың Сақталуы

9 Мақсат. Киелі Кітаптың шынайылығын растайтын факторларын анықтаңыз.

Киелі Кітаптың өмір сүруі Құдайдың Өз Сөзіне деген қамқорлығын көрсетеді. Киелі Кітаптың ең алғашқы бөліктері шамамен 3500 жыл бұрын, ал ең соңғысы шамамен 1900 жыл бұрын жазылған.

Уақыт – көптеген кітаптар үшін ең жаман жау. Олар өзекті емес, танымалдығын жоғалтады және сәннен шығады. Бірақ, Киелі Кітапқа бұның еш қатысы жоқ. Бүгінгі күні де өзекті болып, біздің XXI ғасырдың мәселелерін шешу – Киелі Кітаптың шынымен Құдай Сөзі екендігінің дәлелі. Киелі Кітап уақыт сынынан өтіп, оған төтеп берді.

Атақты Француз жазушысы Вольтер (1694-1778) алдын ала болжап, жүз жыл ішінде оның кітаптары барлық жерде оқылатындығын, ал Киелі Кітапты тек мұражайдан табуға болатындығы туралы айтып еді. Бірақ Киелі Кітапты қазір бұрынғыдан да кеңірек оқи бастады.

Киелі Кітап сияқты мұқият жазылған, аударылған және басып шығарылған кітап жоқ. Ежелгі уақытта, баспа машиналары болғанға дейін егер бір әріптен қате жіберсе, көшірмеші бүкіл бір парақты

лақтырып тастап, қайтадан бастауға тура келетін еді. Бүгінгі таңда ғалымдар әр аударма мен баспада оның дәл, әрі қатесіз екеніне көз жеткізу үшін жұмыс істейді.

Кейбір патшалар өз елдерінде Киелі Кітапты жоюға тырысты, ал оны оқығандарды өлім жазасына кесті. Киелі Кітап сыншылары оған аяусыз шабуыл жасауларын тоқтатпады, бірақ Киелі Кітап өзінің барлық жауларының өмірін сипаттайды. 1 Пет. 1:24-25-тен оқимыз: «Күллі пенде атаулы көк шөп секілді! Бар салтанаты дала гүліндей өткінші: Шөп сарғайып қурап, гүл солады, Ал Жаратқанның сөзі мәңгі қалады! Сендерге уағыздалған Ізгі хабар — Құдайдың осы мәңгілік сөзі».

Тапсырма

- 12** Киелі Кітаптың уақыт сынына төтеп бергені туралы қандай мәлімдемелер бар?
- а)** Бұл бізге бүгін де өзекті.
 - ә)** Мыңдаған жылдар бойы кең таралған.
 - б)** Оның былғары мұқабасы бар.
 - в)** Оны жою ешқашан мүмкін емес.



Жауаптарыңызды тексеріңіз

- 1 а)** Құдайдың кітабы, Ол сол арқылы әрекет етеді».
- 8** Осы Жазбалардың әрқайсысының авторы – Құдай екенін көрсетеді.
- 2 а)** Ол бір Тұлғаның – Құдайдың рухтандыруымен жазылған.
б) Әр түрлі авторлар бір тақырыпқа жазды.
- 9 ә)** Құдай оларға болашақты көрсететін аян.
- 3 ә)** Киелі Кітаптың қатесіз екендігінің дәлелі және оның Құдайдың көзқарасымен жазылғанын көрсетеді.
- 4 б)** қате ілімдерді жазудан сақталды.
- 10** Мәлімдемелер **ә), б), в)** және **г)** дұрыс.
- 5 б)** ғылыми дәлелдемелердің
- 11** барлық мәлімдеме дұрыс.
- 6** Бүкіл жер бетінде бір тіл болған.
- 12 а)** Бұл бізге бүгін де өзекті.
ә) Мындаған жылдар бойы кең таралған.
в) Оны жою ешқашан мүмкін емес.
- 7 а)** Жоғары моральдық ілім.
б) Барлық интеллектуалдық деңгейге сәйкес келеді.
г) Бүгін де қолданатын заңдар.
ғ) Әдеби шеберлік.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Сіз қазір барлық сабақтарды аяқтадыңыз. Бұл сізге үлкен көмек болды деп сенеміз. Екінші Тараудағы 5 – 6 Сабақтарды тағы да қарап шығыңыз және *екінші Тараудағы* оқушының есебі берілген тапсырманы аяқтаңыз, содан соң баға беру нұсқаулық парақшасына назар аударыңыз.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЕСЕП БЕРУІ

Бағыттар

Әр бөлімді зерттеп болған соң, оқушының есебі берілген тапсырмаға жауап беріп, бағалау парақшасына өз жауабыңызды белгілеңіз.

Әр сұрақты мұқият оқып шығыңыз. Әр сұраққа бір ғана дұрыс жауап бар. Жауаптарыңызды қара сиямен дөңгелектеңіз.

Әрбір сұрақтың алдындағы сандарға мұқият болыңыз.

Мысалы:

1 «Қайта туылу» сөзінің мағынасы

- а)** жас болу.
- ә)** Исаны «Құтқарушы» ретінде қабылдау.
- б)** жаңа жылды бастау.

Дұрыс жауап: **ә) Исаны «Құтқарушы» ретінде қабылдау** керек сондықтан, бос кеңістікті келесідей бояңыз:

1 А Б

БАҒАЛАУ

Осы курсты аяқтаған соң, екі тараудағы есеп беру нұсқасына жауап беріп, жауап парақшасын оқытушыңызға немесе біздің кеңсемізге жіберуіңізді сұраймыз.

Оқушылардың есеп беруі

Аты-жөні:

Оқушы нөмірі:
(Егер оқушы нөмірін білмесеңіз, бос қалдырыңыз)

Оқушы нөмірі:

.....

.....

Елді мекені:

Пошта (E-mail):

**Тиісті сұрақтың нөмірінен кейін орналасқан үш
тік төртбұрыштың дұрыс жауабын бояңыз.**

1 ТАРАУ

- | | | | | | | | |
|----|-----|-----|-----|----|-----|-----|-----|
| 1 | (А) | (Ә) | (Б) | 11 | (А) | (Ә) | (Б) |
| 2 | (А) | (Ә) | (Б) | 12 | (А) | (Ә) | (Б) |
| 3 | (А) | (Ә) | (Б) | 13 | (А) | (Ә) | (Б) |
| 4 | (А) | (Ә) | (Б) | 14 | (А) | (Ә) | (Б) |
| 5 | (А) | (Ә) | (Б) | 15 | (А) | (Ә) | (Б) |
| 6 | (А) | (Ә) | (Б) | 16 | (А) | (Ә) | (Б) |
| 7 | (А) | (Ә) | (Б) | 17 | (А) | (Ә) | (Б) |
| 8 | (А) | (Ә) | (Б) | 18 | (А) | (Ә) | (Б) |
| 9 | (А) | (Ә) | (Б) | 19 | (А) | (Ә) | (Б) |
| 10 | (А) | (Ә) | (Б) | 20 | (А) | (Ә) | (Б) |

ХСИ ҮШІН ТОЛТЫРЫЛАДЫ

Күні: Баға:

Тиісті сұрақтың санынан кейін орналасқан үш тіктөртбұрыштың дұрыс жауабын бояңыз.

2 ТАРАУ

- | | | | | | | | |
|----|-----|-----|-----|----|-----|-----|-----|
| 1 | (A) | (Ә) | (Б) | 11 | (A) | (Ә) | (Б) |
| 2 | (A) | (Ә) | (Б) | 12 | (A) | (Ә) | (Б) |
| 3 | (A) | (Ә) | (Б) | 13 | (A) | (Ә) | (Б) |
| 4 | (A) | (Ә) | (Б) | 14 | (A) | (Ә) | (Б) |
| 5 | (A) | (Ә) | (Б) | 15 | (A) | (Ә) | (Б) |
| 6 | (A) | (Ә) | (Б) | 16 | (A) | (Ә) | (Б) |
| 7 | (A) | (Ә) | (Б) | 17 | (A) | (Ә) | (Б) |
| 8 | (A) | (Ә) | (Б) | 18 | (A) | (Ә) | (Б) |
| 9 | (A) | (Ә) | (Б) | 19 | (A) | (Ә) | (Б) |
| 10 | (A) | (Ә) | (Б) | 20 | (A) | (Ә) | (Б) |

ХСИ ҮШІН ТОЛТЫРЫЛАДЫ

Күні: Баға:

1 ТАРАУ БОЙЫНША ОҚУШЫНЫҢ ЕСЕБІ

- 1 Киелі Кітапты зерттеудің ең үлкен пайдасы ол - ...
 - а) бізді діншіл етеді.
 - ә) оқу мен жазуды үйренуге көмектеседі.
 - б) Құдайдың балалары болуға және Онымен мәңгілік өмір сүруге шақырады.
- 2 Киелі Кітап зерттеу сенушінің рухани өсуіне қатты көмектеседі, себебі Киелі Кітап - ...
 - а) рухани азық.
 - ә) барлық діндердің дұрыс екенін көрсетеді.
 - б) сенушілерге ақша табудың жолын айтады.
- 3 Киелі Кітапты үнемі зерттеу өте маңызды, өйткені ...
 - а) қарапайым адам оны түсіне алмайды.
 - ә) онда Құдайдың бізге деген сүйіспеншілігі мен өмірімізге деген жоспары туралы айтылады.
 - б) оны зерттемесек, Құдай бізді тастап кетеді.
- 4 Киелі Кітапты шын жүректен зерттеудің пайдалы жақтарының бірі:
 - а) өзгелерді қалай соттауды үйрену.
 - ә) басқалардан рухани жоғары болуды үйрену.
 - б) өмірдің мәні мен мақсатына жауап табу.
- 5 Киелі Кітаптың тағы бір үлкен пайдасы, бұл –
 - а) жігерге толы.
 - ә) бізді қайтадан күнә жасамауға жетелейді.
 - б) бізге діни уәждерді жеңу үшін оқ-дәрі береді.
- 6 Құдайдың бізге берген кітабының атауы – «Киелі Кітап» – ...
 - а) бұл әулиелер туралы кітап.
 - ә) онда екі ежелгі кітап бар.
 - б) ол қасиетті, өйткені ол Құдайдың рухтандыруымен жазылған.
- 7 Көне Келісім пайғамбарлығының Жаңа Келісімде орындалуы:
 - а) Исаның Бетлехемде туылуы.
 - ә) елші Пауылдың дүниеге келуі.
 - б) Иса таңдаған шәкірттердің саны.

- 8** Киелі Кітап бірнеше тілге аударылған болуы керек, сондықтан ...
- а) білімді адамдарға көп жұмыс қажет болады.
 - ә) қауымда балаларға арналған жақсы сыйлықтар таусылмайды.
 - б) адамдар Жазбаларды өз тілдерінде оқи алады.
- 9** Киелі Кітаптың әр түрлі нұсқалары бар, өйткені аудармашылар ...
- а) өздерінің ілімдерімен келіскенін қалайды.
 - ә) басқа тілдерге аударуды қиындатуын қалайды.
 - б) оны адамдар түсінуі үшін оңай сөздерге ауыстырады.
- 10** Киелі Кітаптың басқа нұсқаларын өз тілімізде көреміз, өйткені ...
- а) Киелі Кітапты басып шығарушылар ақша тапқысы келеді.
 - ә) адамдар әрқашан жаңа және әр түрлі нәрсені қалайды.
 - б) уақыт өте келе тіл қолдану және сөз мағыналары өзгереді.
- 11** Оқуға және үйренуге көмектесу үшін Киелі Кітаптың әр кітабы ... бөлінеді.
- а) поэма мен жырларға
 - ә) парақта кемінде төрт бағанға
 - б) тарауларға және тараудың ішіндегі аяттарға
- 12** Жазбаларға сілтеме жасаудың қарапайым әдісі: Жар. 5:1–5.
- а) Жаратылыс басталуы бес, бірінші аяттан беске дейін.
 - ә) Жаратылыстың басталуы кітабы бесінші тарау, бірден беске дейінгі аяттар.
 - б) Киелі Кітапты оқудағы Жаратылыс басталуы бесінші тарау, алғашқы бес аят.
- 13** Киелі Кітапқа негізделген анықтамаларды табудың ең жақсы тәсілі:
- а) Киелі Кітапты оқығанда, жетекшіңізден көмек сұраңыз.
 - ә) Киелі Кітаптың аттары мен ретін жаттау.
 - б) Киелі Кітаптың аттары мен ретін кесте түрінде жазып, оны әрдайым алып жүріңіз.

- 14** Көптеген Киелі Кітаптардың шеткі бағанасынан табылған зерттеу сілтемелері ...
- а) өте күрделі және пайдалы емес.
 - ә) Киелі Кітапты жақсырақ түсінуге көмектесу үшін Киелі Кітап ғалымдары жазған.
 - б) Киелі Кітап аяттары Киелі Рухтың жетелеуімен жазылған.
- 15** Үйлесімділік ол алфавиттік ... тізімі.
- а) Иса тұрған жерлер
 - ә) Киелі Кітаптағы түбір сөздер
 - б) Киелі Кітапты алмастыруға арналған ілімдер
- 16** Көне Келісім кітаптарының негізгі жіктеулерінің бірі:
- а) Кіші Пайғамбарлар.
 - ә) Даниялдың даналығы.
 - б) Мұсаның Ізгі хабар хаты.
- 17** «Тарихи кітаптар» деп те аталатын Көне Келісім кітаптарында ...
- а) Нұхтың кемесі туралы көптеген мәліметтер келтірілген.
 - ә) Яһуда мен Исраилдің тарихы.
 - б) римдіктер мен гректер туралы ақпарат.
- 18** Сүлейменнің «Даналықты уағыздаушы» кітабында ...
- а) Құдайсыз өмір қаншалықты бос екендігі туралы куәлігі.
 - ә) бірнеше әйел алу қаупі туралы куәлік.
 - б) даналық пен байлықты Құдай үшін қалай пайдалану туралы куәлік.
- 19** Патшаның уәзірі болған тұтқындағы ханзада
- а) Дәуіт
 - ә) Даниял
 - б) Еремия
- 20** Ошия пайғамбар Құдайдың Өз халқына деген сүйіспеншілігін ...
- а) иесінің сүйікті үй жануарына деген сүйіспеншілігіне теңеген.
 - ә) күйеуінің опасыз әйелін сүйгеніне теңеген.
 - б) туған бауырларын сүйюіне теңеген

2 ТАРАУ БОЙЫНША ОҚУШЫНЫҢ ЕСЕБІ

- 1 Жаңа Келісім кітаптарының негізгі екі жіктелуі:
 - а) Заң және Пайғамбарлар жазбалары.
 - ә) Ізгі хабар кітаптары мен Жалпы жолдаулар
 - б) оқуға оңай және оқуға қиын.
- 2 Көне Келісім кітаптары сияқты Жаңа Келісім кітаптары да ... жіктелген.
 - а) алты топқа
 - ә) бес топқа
 - б) сегіз топқа
- 3 Матай жазған Ізгі хабар Исаны:
 - а) Патша немесе Мәсіх ретінде суреттейді.
 - ә) басқа ұлттарға керемет пайғамбар ретінде суреттейді.
 - б) парызшылдардың жақын ізбасары ретінде суреттейді.
- 4 Лұқа жазған Ізгі хабарда ... туралы айтылады.
 - а) парызшылдар жасаған зұлымдық
 - ә) Мәсіхтің адам кейпіндегі кемелдігі
 - б) қауымға барудың маңыздылығы
- 5 «Елшілердің істері» кітабында елші – ... деген мағынаны білдіреді.
 - а) «жіберілген»
 - ә) «күнәсіз жан»
 - б) «Исаның қарапайым ізбасарынан ақылды»
- 6 Елшілердің істері кітабының негізгі мәні мынада:
 - а) Пауыл басқа ұлт адамдарына өз сенімін қабылдатты.
 - ә) Лұқа елшілік дәрігер болар еді.
 - б) Киелі Рух сенушілерге күәлік ету үшін күш береді.
- 7 Жолдаулар хат түрінде болды, олар – ...
 - а) қауымнан қауымдарға берілген хаттар.
 - ә) оқи алмайтын қауым жетекшілеріне арналған хат.
 - б) құпия түрде және қарапайым сенушілерге ешқашан оқылмаған хат.

- 8** Пауыл жолдаулары – Пауылдың ...
- а) достарынан алған хаттары.
 - ә) қауым мен жеке адамдарға жазған хаты.
 - б) елшілік сапарларында тапқан жазбалары.
- 9** Еврейлерге арналған хат мәсіхшілерге ... еске салады.
- а) Көне Келісім енді маңызды емес екенін
 - ә) Жаңа Келісім Көне Келісімнен жақсырақ екенін
 - б) Көне Келісімнен кейін ешбір жазба жазылмағандығын
- 10** Жақып жазушы бәлкім ...
- а) Исаның бауыры болса керек.
 - ә) заңгер болуы мүмкін.
 - б) Иерусалимдегі белгісіз сенуші.
- 11** Киелі Кітаптың өмірді жақсы жаққа өзгертуге әсері мынаны дәлелдейді:
- а) Адамдарды алдайтын алаяқтық.
 - ә) Құдай сол кітап арқылы жұмыс істейді.
 - б) кейде пайдалы, бірақ басқа кітаптардан еш айырмашылығы жоқ.
- 12** Жазбаға әр түрлілік пен тұтастықты қолдануға болады, өйткені
- а) Ол бір Тұлғаның – Құдайдың рухтандыруымен жазылған.
 - ә) Кез-келген кітапта тақырыптардың әр түрлілігі мен мазмұнының тұтастығы болуы маңызды.
 - б) Құдайдың рухтандыруымен әр түрлі авторлар ортақ тақырыпта жазды.
- 13** Еврей тарихындағы күнәлар мен құлдырауларды паш етушілік Киелі Кітаптың қандай екенін көрсетеді?
- а) тарихты қамтитын барлық басқа кітаптар сияқты екенін
 - ә) онда көптеген қателіктер мен қайшылықтар бар екенін
 - б) тарихи фактілердің қалай болғанын әділ де дәл сипаттайтынын

- 14** Киелі Кітаптың қатесіз екендігінің бір дәлелі – авторлар ...
- а)** өз заманындағы кең тараған діни наным-сенімдерін қосты.
 - ә)** Құдай Сөзіне қарама-қайшылықтар жазудан сақталды.
 - б)** қарама-қайшылықты болдырмау үшін өз заманының танымал жазушыларымен кеңесті.
- 15** Археологиялық зерттеу нәтижесінде құжаттар мен ескерткіштер ... дәлелдейді.
- а)** Киелі Кітап жазбаларының шындық екенін
 - ә)** Киелі Кітаптың дәлдігі туралы ештеңе таппағанын
 - б)** Көне Келісімдегі адамдар шынайы емес екенін
- 16** Киелі Кітапты қанша рет оқығаныңызға қарамастан, ...
- а)** Құдай сізбен өзінің кітабы арқылы сөйлесуді жалғастырады.
 - ә)** сіз Құдайдың хабарының негіздерін ешқашан түсінбейсіз.
 - б)** оның мағынасын түсіну үшін көне тілдерді білу керек.
- 17** Киелі Кітаптың кең тартымдылығы мен асқақтығы бізді ... сендіреді.
- а)** оның концепциялары Құдайдан келетініне
 - ә)** оны тек ғалымдар ғана түсіне алатынына
 - б)** оны бір рет оқып шығу бәріне жеткілікті болатынына
- 18** Жаңа Келісімде 2 Тім. 3:16 бойынша Жазбалардың авторы - ...
- а)** Құдай.
 - ә)** өте құдайшыл адам.
 - б)** біз білетін факт емес.
- 19** Киелі Кітап пайғамбарлары ...
- а)** заманауи балгерлер сияқты болды.
 - ә)** адамдардың жаман жолдары үшін жазаланатынын айтты.
 - б)** пайғамбарлықтарынан ешқашан ақша жасамаған діндар адамдар болды.
- 20** Киелі Кітаптың жасы мен оның құндылығы ... көрсетеді.
- а)** Құдай Сөзі мәңгі өмір сүретінін
 - ә)** бұл кітаптар ескірмейтінін
 - б)** ешкім оны жоққа шығаруға немесе жоюға тырыспағандығын

ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Бұл зерттеу сізге Құдаймен қарым-қатынасыңыз туралы ойлануға әсер етті деп үміттенеміз. Сабақтарды оқып, барлық сұрақтарға жауап бергеннен кейін сіз: «Мен шынымен мәсіхшімін бе? Мен Құдайды білемін бе? Ол менің өмірімде шынымен бар ма?» – деп өзіңізге сауал қойған боларсыз. Біз қазір сізге Құдаймен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік бергіміз келеді.

Бәріміз өмірде қателіктер жасадық. Біз өзімізді және басқаларды да жараладық. Киелі Кітап күнә туралы былай дейді: «бәрі де күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгілеген ұлылығынан құр алақан қалды» (Рим. 3:23). Біздің күнәларымыз Құдайды сүюші Әке ретінде білуден өзімізді алыстатты. Бірақ Құдай бізді күнәларымызға қарамастан жақсы көреді. Ол бізді өте қатты жақсы көргендіктен, біз үшін Өз Ұлын құрбандыққа жіберді. «Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады» (Жох. 3:16). Иса өлген кезде, біздің күнәларымыздың жазасын Өз мойнына алды.

Сіз Исаның Құтқарушыңыз екендігіне сенімді болғыңыз келе ме?

Бұл – өте қарапайым:

- Сіз күнәкар екеніңізді Құдайдың алдында мойындаңыз және Одан сізді кешіруді сұраңыз.
- Исаға шын жүректен сеніп, Құтқарушыңыз ретінде қабылдағаныңызды Оған білдіріңіз.

Сіз Құдаймен өз сөзіңізбен осындай мінәжат ету арқылы сөйлесе аласыз:

Құрметті Иса, мен күнәкар екенімді білемін. Сізден Мені кешіре гөріңіз деп өтінем. Сіз Құдайдың мәңгілік Ұлысыз, мен оған сенем. Менің күнәларым үшін айқышта өлгеніңізге рақмет. Менің өміріме келіп, оны өзгерте гөріңіз. Өмірімнің Иесі болуыңызды сұраймын. Мені құтқарғаныңыз үшін рақмет!

Егер сіз осы мінәжатты оқып, оны шын жүректен айтсаңыз, күнәларыңыз кешіріліп, сіз мәңгілік өмірге ие боласыз. Иса – сіздің өміріңіздің Иесі болады. Киелі Кітапта: «Егер де күнәларымызды мойындасақ, Құдай сенімді де әділетті болғандықтан оларды кешіріп, бізді барлық әділетсіздігімізден тазартады» (1 Жох. 1:9) делінген.

ОҚУШЫ САУАЛНАМАСЫ

Оқуға тіркелген немесе тіркелмеген болсаңыз да, келесі парақтағы сауалнаманы оқып толтырған соң, ХСИ бөліміндегі өзіңіздің нұсқаушыңызға жіберіңіз. Құдай сіздің сенім сапарыңызды жарылқасын!

Аты-жөні:

Мекен-жайы:

Пошта (E-mail):

Телефон:

1 Осы курсты өту барысында сіз Иса Мәсіхті бірінші рет
өзіңіздің Иеңіз және Құтқарушыңыз ретінде қабылдау үшін
мінәжат еттіңіз бе?

иә жоқ

Егер солай болса, өз куәлігіңізбен бөлісіңіз

2 Бұл курс сізге басқа адамды Мәсіхке әкелуге көмектесті ме?

иә жоқ

3 Бұл курс сізді мәсіхші ретінде нығайтуға көмектесті ме?

иә жоқ

Егер көмектессе, қалай?

4 Сіз бұл курсты басқа біреуге ұсына аласыз ба?

иә жоқ

Осы материалдарды сіздің досыңыз оқуды қаласа, ол туралы
ақпарат беруіңізді сұраймыз, содан кейін біз оған хабарласамыз.

Досыңыздың есімі:

Мекен-жайы:

Пошта (E-mail):

Телефон (ұялы):

Міне, сіз осы курсты оқып бітірдіңіз. Біз сізді осы топтамадағы келесі курсты бастауға жігерлендіреміз немесе сіз өз нұсқаушыңыздан осы топтамадағы басқа қандай курсты ұсынатынын сұраңыз.